- «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларының арасында сурет көрмесі өтті.
- 1 мамыр-Бірлік күніне орай іс-шаралар ұйымдастыру, Фестиваль ұйымдастырылды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру

-Дәстүрлі «денсаулық фестивалі» ұйымдастырылды

- COVID19 Вирусының алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу «Тазалық – денсаулық кепілі» тақырыбында акциялар мен сынып сағаттары мен ақпараттық түсіндіру жыл бойы үнемі жүргізіліп отырды.

Кезекші сыныптарда оқитын оқушылардың температурасын тексеру, маскамен жүруін қадағалау үнемі өткізіліп отырды.

-«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» сынып сағаттары өткізілді.

- Қыздар күніне орай сынып сағаты «Қыз тәрбиесі – ұлт тәрбиесі» тақырыбында онкүндік Адамгершілік және жыныстық тәрбие «Ерте жүктіліктің қауіпі қандай?» тақырыптарында қыздармен кездесу ұйымдастырылды.

- Тәрбие сағаты: «Шылымның зияны мен зардабы» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілді.«Тұмаудың жұғу жолдары» жадынамалық парақтар таратылды.Қазақ күресінен мектепшілік турнир ұйымдастырылды.«Өмір, сен қымбатсың маған» Тренинг-сабақ өткізілді.«Ерте жүктіліктің қыз денсаулығына зияны» дәріс берілді.Мектепшілік «Айбын» әскери оқу жаттығу сайыстары ұйымдастырылды.«Ауырмаймыз тұмаумен!» 1-5 сынып оқушыларының арасында суреттер сайысы ұйымдастырылды.«Шынықсаң-шымыр боласың!» спорттық сайыстар өткізілді.«Туберкулез ауруынан сақ бол!» тақырыбында арнайы дәріс оқылды.«Жасөспірімдерге адамгершілік-жыныстық тәрбие беру» тақырыбында жоғары сынып оқушыларымен пікір алмасу өтті.

Үйірме жұмысы бойынша жетістіктер:

Қалалық «Ақсу толқыны» балалар шығармашылық аймақтық фестивалінде мектебіміздің «Ритм» би үйірмесі 1 орынды иеленді.

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» республикалық онкүндігі аясында 30 қараша күні «Тұрмыстық, отбасылық зорлық-зомбылыққа қарсы» ата-аналармен коучинг-семинар ұйымдастырылды.

Роза Бағланованың 100 жылдығы аясында сыныптарға ақпараттық-танымдық сағаттар ұйымдастырылды. Алғаш президент күніне орай тарих пәнінің мұғалімдері дөңгелек үстел ұйымдастырды. Қаламыздың құрметті азаматы Нәби Қанатбек Құрманғалиұлы «Алғашқы Президент» тақырыбында танымдық сағат өткізді.

Діни-экстремизмнің алдын –алу жөніндегі іс-шаралар

Оқу жылының басында Теріс діни ағымдардың іс-әрекетіне қарсы насихаттау жұмыстары ұйымдастырылып, мектепте намаз оқитын, хиджаб киетін оқушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді.

9 сыныптармен әр апта сайын дінтану сабақтарында бекітілген тақырыптар бойынша сабақтар өткізілді.

Мектептегі 8-11 сынып оқушыларына Жастар арасында кең таралып, бара айтқан діни ағымдардың зардабы, алдын алу мақсатында «Адасқандар» және «Ұрланған балалық шақ» видеолары көрсетілді. Оқушылар видеоролик туралы өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін білдірді. Қамтылған оқушы саны – 45

Қазан айында «Оқушылардың экстремизмге көзқарасы» тақырыбында мектеп оқушыларынан сауалнама алынды.

Қараша айында «Теріс діни ағым дегеніміз не?» тақырыбында жадынама парақтары таратылды.

Желтоқсан айында «Діннің қоғамдағы рөлі» тақырыбында ішкі саясат басқармасы өкілдерімен кездесу өткізілді.

Сонымен қатар 09.12.2022 Кәмелетке толмағандар арасында жалған терроризм фактілері (террористік сипаттағы жалған қауіптер) тақырыбында 5-11 сынып оқушыларымен және ата-аналар арасында осындай құқық бұзушылық жасауға жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстарын, Ақсу қаласының полиция капитаны Т.Сарсембаев жүргізді. Бұндай іс-қимылдар қылмыстық жауапкершілік екендігі түсіндірді.

20.12.2022 "Әке - тірек, Ана - жүрек, Бала - тілек" тақырыбында I - жарты жылдық бойынша ата - аналар жиналысы өтті. "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын - алу басты міндет" және Экстремизммен терроризмге қарсы іс қимыл бойынша полиция майоры Зубилла Отгонзул түсіндірме жұмысын жүргізді.

26.12.2022 Діни экстремизм - ұлт дерті. Мақсаты: экстремизм, терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру; Қазақстан Республикасындағы лаңкестікпен қарсы күрестің құқықтық негіздері, қазіргі таңдағы ахуал жағдайы жөнінде мағлұмат беру.

26.12.2022 Біз терроризмсіз әлемді қолдаймыз тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Оқушыларға діни экстремизмге қарсы күрес жолдары туралы ақпарат беру; өз Отанын, елін, жерін сүйуге, жеке басының адамгершілік қасиеттерін сақтай білуге, құрметтей білуге, алдына мақсат қоя білуге, сын сәттерде шешімін таба білуге, азаматтық ұстанымын жоғары бағалай білуге, қорғай білуге үйрету; оқушыларды қоғамға қарсы ұйымдастырылған діни ағымдардан аулақ болуға, адал білім алып, еңбек етуге тәрбиелеу.

Қаңтар айында «Діни экстремизм дегенді қалай түсінесің?» тақырыбында ата-аналардан және оқушылардан сауалнама алынды.

Ақпан айында «Дінім-өмірімнің тұтқасы» тақырыбында 6-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

Сәуір айында қашықтықтан «Біз терроризмге қарсымыз» тақырыбында онлайн сурет сайысы ұйымдастырылды. Сонымен қатар инстаграм әлеуметтік желісі арқылы ұйымдастырылған онлайн вебинарларға мектеп мұғалімдері мен әкімшілік қатысып отырды.

«Рухани жаңғыру» Бағдарламасы аясында өткізілген жұмыстар туралы ақпарат

Рухани жаңғыру бағдарламасының «Туған жер» бағдарламасы аясында Ақсу қаласының тарихи-өлкетану мұражайының басшысы Ақшолақова

Гүлжанар мектебіміздің оқушыларымен «Қазақстан-менің Отаным» тақырыбында танымдық сағат өткізді. Танымдық сағат барысында Ақсу өңірінің жетістіктері баяндалып, өңіріміздің дамуына үлес қосқан адамдар туралы ақпарат берілді. Сонымен қатар мұражай қорынан алынған кітаптарға шолу жасалды. Қамтылған оқушы саны – 150. Наурыз айында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Наурыз-думан» мерекелік іс-шарасы өткізілді. Оқушылар наурызға дайындаған өнерлерін көрсетіп, қазақтың ұлттық ойындарын ойнады. Сонымен қатар қазақтың ұлттық тағамдарынан дастархан әзірлеп, наурыз көже әзірледі. «Наурыз-думан» мерекесінде әр сынып әр ауылға бөлініп, ер балалар бата беріп іс-шараның көркін қыздырды. «Үнем қоғам қуаты» жобасы аясында «Темекі - денсаулық дұшпаны» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Киіз үйді дайындау» шеберлік сағаты өткізілді. «Дәстүр мен ғұрып» жобасы аясында «Ханталапай» ойыны өткізілді. «Ұлы даланың Ұлы есімдері» жобасы аясында «Мәңгілік ел алыптары» Дина Нүрпейісованың 160 жылдығына орай ақпараттық сағат өткізілді.

«Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша «Айша бибі», «Қарахан батыр», «Бабаджа хатун» кесенелері туралы ақпараттық сағат өткізілді. «Үнем қоғам қуаты» жобасы бойынша «Игі істер» акциясы өткізілді. «Қазақстанның киелі жерлері» жобасы бойынша «Ақмешіт үңгірі» тақырыбында онлайн экспедиция жасалды. «Үнем қоғам қуаты» жобасы бойынша «ЭКО КРОСС» акциясы өткізілді. Мектеп оқушылары бұл шараға белсене қатысты.

Мектеп кітапханасының жұмысы

Мектепшілік жұмыс жоспарына сәйкес және 2016 жылғы 19 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрінің «Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы» №44 бұйрығы негізінде.

Мектеп кітапханасының негізгі қызметінің жүзеге асыру, яғни кітапханалық қызмет көрсету пайдаланушылардың білімдік, ақпараттық, мәдени қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 21 маусымдағы № 291 бұйрық білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында білім алушылар мен педагогтардың оқу-әдістемелік құралдармен қолдануға рұқсат еткен оқу басылымдарының тізбесіне сәйкес оқулықтармен, оқу-әдістемелік кешендерімен қамтамасыз етілді, оқулықпен қамтамасыз ету мақсатында биыл мектеп кітапханасына қалалық білім бөлімінен келесі 2 сыныптарға арналған оқулықтар түсті. Оқулықтармен оқушылар 100% қамтамасыз етілген.

Кітапхананың жұмыс жоспарына сәйкес оқырмандардың рухани байлықтарын әдебиет оқу арқылы жеткізу мақсатында еліміздің ақын-жазушыларының шығармаларын насихаттауда түрлі тақырыптарға арналған көпшілік шаралар ұйымдастырылды.

Оқырмандарды кітапханаға тарту, кітапқа деген сүйіспеншіліктерін артыру мақсатында 1 - 2 сыныптармен «Кітапханаға алғашқы қадам» атты кітапханаға саяхат өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар кітапханада саяхат жасап, жұмбақтар шешу арқылы кітапхандығында кітаптар мекен ететін білді. Кітапхана өмірімен, ережесімен танысты.

Кітапханада көптеген іс-шаралар өткізіліп, көрмелер ұйымдастырылады: «Конституция ұлы дала елінің құндылығы», «Кенесары мұраты», «Қос жұлдызы» (М.Мәметова 100ж), «Ана тілі – менің елінің тілі», «**Жыл мерейгерлері**», «Заманының тұлғасы», «Дулаттың асыл мұрасы», «Сырбайдың сыршыл әлемі» (С.Мәуленов 100ж), «Ұлт мақтанышы» (Ғ.Мұстафин 120ж), «Жастарға арналған өсиеті» (Ә.Нұршаиықов 100ж), «Әң әлемінің саңлағы Роза Бағланова» атты кітап көрмелер ұйымдастырылды және библиографиялық шолу өткізілді, кітап көрменің мақсаты: мектеп оқушыларында көрнекті қазақ жазушылары ретіндегі тұлғасы туралы түсінік қалыптастыру; жазушыларың шығармашылығымен таныстыру және білім алушыларының олардың шығармаларына деген қызығушылығын ояту. 25 қазан – Республика күніне орай «Қазақстан – бірлік пен достықтың мекені», 16 желтоқсан күніне орай «Айбыны асқақ, тұғыры биік тәуелсіз Қазақстан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды және оқушыларды кітап көрмесімен таныстырып библиографиялық шолу өткізілді.

«І.Есенберлиннің шығармалары» атты ауызша журнал 8 «а» сынып оқушылармен өткізілді, ауызша журналдың мақсаты: оқушыларды қазақ халқының дара тұлғасы, ұлы жазушы Ілияс Есенберлиннің бай шығармашылығымен таныстыру. 3.Шашкиннің 110 жылдығына орай «Заман және тұлға» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, портрет кеші 9 «в» сынып оқушыларымен өткізілді. Кештің мақсаты: оқырмандарды Зейін Шашкиннің өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет беру.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша жоспар жасақталып, сол жоспар негізінде мектеп кітапханасында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылуда. Балаларды кітап оқуға тартуға әсер ететін ең маңызды әрі басты институт ол – отбасы. Балалардың кітап оқуға деген көзқарасы, олардың оқырмандық мәдениетінің артуы көп жағдайда ересектерден алған үлгіге байланысты.

Мектеп кітапханасы отбасымен бірге оқуды ұйымдастыру, оқуға басшылық жасау, оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында әр түрлі мәдени шаралар ұйымдастыруда.

Атап айтқанда: жоба аясында кітап оқудағы ата-аналар белсенділігін арттыру мақсатында «Менің үйімдегі ата-аналардың кітаптары» оқушылар үйімдегі ата-аналардың кітаптар туралы презентация, видеоролик, фотоколлаж жасады. «Бір отбасы - бір кітап» отбасымен бірге кітап оқимыз жұмысы жүргізілді.

Бастауыш сынып оқушылары "Әжемнің ертегілері» туралы бейнеролик жасады, бұл бейнероликтерде оқушылар қалай әжелерімен бірге ертегілер оқығаның және әжелері ертегі айтып бергенің насихаттайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхана» РМҚ бірлескен бұйрық №16-н/қ 2022ж. 17 тамыздағы «Мектеп жасындағы балалардың оқуына ұсынылатын көркем әдебиеттердің минималды көлемінің тізбесін бекіту туралы» жоба аясында «250 кітап және 1000 кітап» кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Ақсу қаласының орталықтандырылған кітапханасымен «Кішкентай Отаным – сүйікті мекенім жүрегіме жақын» өлкетану сағаты өткізілді. Шара барысында оқушыларға қаламыз туралы слайд көрсетіліп, «Сұрақ – жауап» атты қызықты сайысы өткізілді. «Кітаппен өткен демалыс күнім қызықты» күзгі демалыс кезінде орталық кітапханаға 7 сынып оқушылары саяхат жасап барды. Оқушылармен «21 ғасыр көшбасшысы» интеллектуалды ойыны өткізілді. Оқушылар әр түрлі пәндерге деген қызығушылығын, сөйлеу қабілетін, мәдениетін, логикалық ой - өрісін, интеллектуалдық қабілетінің ықпал етті. Ең белсенділері жүлделер алды.

«Оқуға құштар мектеп» жоба аясында қыркүйек айында «Кітап клубы» ашылды, мақсаты: Мектеп оқушыларының кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және аптасына екі сағатқа болсын уақыттарын пайдалы іске бөлу. 8,9 сынып оқушылары қатысады, кітап клубының жоспары құрылды. Жоспар бойынша: қазақ тіліндегі шығармалар «Апамның астауы» (Оралхан Бөкей), «Бұрым» (Гүлзат Шойбекова), «Қорғансыздың күні» (Мұхтар Әуезов) шығармалары оқып, талдау жасады. Қазіргі таңда ағылшын тіліндегі әңгімелерді оқуға бастады.

Жыл сайын мазмұны жағынан ескірген және физикалық тозу себептерімен оқу-әдістемелік кешендері, оқулықтар есептен шығарылып тұрады. Мектеп кітапханасының өзінің Instagram парақшасы бар **aksu.1schoollibrary**, сол парақшада өткізілген барлық іс-шаралар жарияланып отырады.

Мектебімізде «Дебат» пікірсайыс клубы жұмыс атқарады. Клубтың негізгі мақсаты: Заман талабының сұранысына саласы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру. Мектеп оқушыларын үйірмеге тарту. Мектеп ішілік пікірсайыс турнирлерін ұйымдастру, үздіктерді анықтап, ынталандыру. Мектеп намысын қорғайтын үздік оқушыларды анықтау. Мектеп оқушыларын мектепаралық, аудандық, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық пікірсайыс турнирлеріне қатыстыру, тәжірибе алмасу арқылы үздік нәтижелерге қол жеткізу.

II тоқсанда «Жас дебат» жас дебатшылар клубымен келесі тақырыптар меңгерілді: аргументтер тақырыбында 2 сағат, дәлелдер (факты) тақырыбында 2 сағат, жақтау кейсі тақырыбында 3 сағат өткізілді.

2 тоқсан төңірегінде біздің дебатшыларымыз Қалалаық пікірсайықа қатысып 1 орынға ие болды. Облысқа жолдама алды.

2022 жылдың 13 желтоқсан күні клуб мүшелерімен «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 31 жылдығына орай және «Атамұра»

әдістемелегінің апталығына орай пікірталасқа Қ.Сәтпаев мектебі мен Абай мектебінен командалар шақырылды, Пікірталас БПФ форматында өткізілді.

Көрсетілген мерзімдер бойынша үйірме мүшелеріне тақырыптар бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Үйірме мүшелері тақырыптар бойынша мәліметтер іздестіріп, өз зерттеулерін жүргізіп отырды. Түсінбегенін немесе тапқан ақпараттар мен қоса өз пікірлерін кездесулерде талқылап отырдық.

2022 - 2023 оқу жылында үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасының бағыттары бойынша жоспарланған тәрбие жұмыстары арнайы жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Оқушылар белгіленген іс-шараларға белсенді қатысты. Оқу жылының соңында жазға қауіпсіздік бойынша оқушыларға тақырыптық сынып сағаттары өткізіліп, түсіндірме жұмыстар жүргізілді. Жазғы уақыттағы балалардың өмір қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында арнайы рейд құрылып, қауіпсіздік бойынша бойынша жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ балалар жылы қарсаңында биылға оқу жылында үздік нәтиже көрсетіп, жеңіске жеткен оқушылардың құрметіне орай «Топ жарған-2022» жұлдыздар шеруі ұйымдастырылды. Мектептің намысын абыроймен қорғаған 53 оқушы марапатталды.

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие бағыты бойынша талдау

2023-2024 оқу жылынан бастап Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығымен жоғары оқу орындарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында тәрбиелеудің бірыңғай бағдарламасы енгізілді.

Мектепте оқу - тәрбие процесінің басымдықтары білім алушылардың әлауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына деген құрмет пен сенім, балалардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Оқушыларды тәрбиелеу - оқу пәндерінің мазмұны, сынып сағаттары мен іс-шараларды өткізу, сыныптан тыс жұмыстар және қосымша білім беру (үйірмелер, клубтар, секциялар, факультативтер) арқылы жүзеге асырылады.

Бағдарлама балалардың туылғанынан бастап 6 жасқа дейінгі, 6 жастан 10 жасқа дейінгі, 11 жастан 15 жасқа дейінгі жасөспірімдерді, 15 жастан 18 жасқа дейінгі жастарды тәрбиелеу әдістерін қамтиды. Сынып ұжымдарында оқушылармен күнделікті жеке жұмыс, мектеп пен отбасылық тәрбиенің байланысы мен сабақтастығы жүргізілуі, балалардың тыныс-тіршілігі ұйымдастырылуы, сыныптан тыс іс-шаралар сабақ қызметін толықтыруы, оның нәтижелілігін арттыруы тиіс. Экскурсиялық, туристік-өлкетану қызметі пайдаланылады. Тәрбиелік міндеттерді сынып жетекшілері оқушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, жүйелі түрде қояды және шешеді. Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі - тәрбие жүйесіндегі барлық жаңалықтарды жоспарлаудың, әзірлеудің және енгізудің белсенді қатысушысы болып табылады. Мектепте сынып жетекшілердің әдістемелік бірлестік төрайымдары тағайындалды. Сынып жетекшісінің қызметі - білім беру ұйымының жарғысы, өзекті міндеттерді, білім беру мазмұны мен әдіснамасын, сондай-ақ тәрбие нысандарын жаңартуды ескере отырып, білім алушыларға жеке-бағдарланған көзқарас негізінде құрылатын мақсатты, жүйелі,

жоспарланатын процесс екені сынып жетекшілерге түсіндірілді. 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысы «Біртұтас тәрбие», «Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы», «Dosbolike» бағдарламалары сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар арқылы жүзеге асырылады. Бағдарламада ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға қабілетті білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейді.

Тәрбие мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

2023 - 2024 оқу жылында мектебімізде тәрбие бағыты бойынша 55 сынып жетекшісі, 2 тәрбие ісінің меңгерушісі, 1 психолог, 1 әлеуметтік педагог, 1 тәлімгер, 1 спорт нұсқаушысы, 1 АӘД мұғалімі, 2 кітапханашы жұмыс атқарды.

2023 – 2024 оқу жылында тәрбие бағыты бірыңғай «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» арқылы жұмыс атқаруда. Бағдарлама негізінде негізгі үш құндылық арқылы жұмыстар жүргізілуде. Олар: ұлттық мүдде, ар ұят, талап.

Республикалық жобалар жұмысы

2023 – 2024 оқу жылында 9 айға, 9 іс – шара Республикалық жобасы мен 4 тоқсанға, 4 өнер жобасы да іске асырылуда.

Республикалық 9 айға 9 іс-шара жобасы

Қыркүйек айында «Сергіту сәті» өткізілді. Оқушылар жаппай жаттығу сергіту сәтін жасады. Қатысқан бала саны: 1200

Қазан айында «Ән ұран» жаппай айтылды. Қатысқан бала саны: 1220

Қараша айында «Асық ату» ойыны ойнатылды. Қатысқан бала саны: 300

Желтоқсан айында «Шығарма жазу» жазылды. Қатсқан бала саны: 250

Қаңтар айында «Қазақ есебі» челленджі бойынша оқушылар бірыңғай есеп шығарды. Қатысқан бала саны: 200

Ақпан айында «Оқуға құштар мектеп» челленджіне білім алушылар кітап оқу мәдениетін дамыту және белсенді кітап оқуға тарту болып саналды. Қатысқан бала саны: 400

Наурыз айында «Домбырашылар» челленджі, білім алушылардың эстетикалық, патриоттық сезімдерін, рухани – адамгершілік мәдениетін қалыптастыру, балалардың домбыра тарту мәдениетін насихаттау, еліміздің мәдени мұрасын сақтау. Қатысқан бала саны: 50

https://www.instagram.com/reel/C4ujlp_t9Fl/?igsh=dHkwdHYyemF4ZGlx

Сәуір айында «Шахмат ойнау» челленджіне оқушылар белсене қатысты. Қатысқан бала саны: 60

Мамыр айында «Жасыл мекен» еңбек жасау Республикалық «Таза мектеп» жобасымен бірлесе челленджге қатыстық. Қатысқан бала мен ата-ана саны 350.

Республикалық 4 тоқсанға 4 өнер жобасы

1 тоқсанда «Ақындар айтысы» бойынша жоспар құрылып, іс – шаралар жүзеге асырылды. Жоспарға сәйкес 7 қыркүйек «Ақындар айтысы» концепциясымен танысты, 12 қыркүйек «Кітаптар керуені» ұйымдастырылды. 19 қыркүйек «Жаңа Қазақстанда ақындар айтысының дамуы» пікірталас

өткізілді. 26 қыркүйек оқушылар «Менің отбасым шығармашыл» атты өлең шумақтарын жазды. 3 қазан «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» ұстаздар күніне арнау арналды. 10 қазан «Ақын болсам...» деген эссе байқауы ұйымдастырылды. 17 қазан «Ұлттық киім күні» ұйымдастырылды, бұл шарағамектеп ұжымы мен оқушылар белсене қатысты. 24 қазан «Республика күніне» арналған тәрбие сағаттары өткізілді. «Ақындар айтысы» жобасы бойынша 150 бала қатысты.

2 тоқсан «Алтын сақа» асық ату олимпиадасы өткізілді. Бұл жоба аясында 17 қараша күні «Бес асық» челленджі ұйымдастырылды. Қатысқан бала саны: 300

3 тоқсан «Ұлттық өнер» көрмесі өткізілді. «Ұлттық өнер» көрмесі төмендегі номинациялар бойынша ұйымдастырылды. 1) тоқыма бұйымдар 2) ағашты көрсемдік өңдеу 3) ұлттық ою-өрнек элементтері бар өалықтық киім үлгісі Қатысушылар саны: 50

4 тоқсан «Туған өлкем» фестивалі. «Туған өлкем» фестивалі оқушылардың туған өлкесін зерттеуге деген қызығушылықтарын арттыру. 6 және 8 сынып паралелі осы жоба қарсанында Баянаул еліне саяхаттап экскурсия жасап келді.

https://www.instagram.com/p/C53tbWtN2IE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«Еңбегі адал жас өрен»

Жұмысты жоспарлау кезінде "Еңбек адал жас өрен" бағдарламасының арнайы жобаларына ерекше назар аударылды. Бұл жобаны тәрбиелеудің құндылықтары: адал еңбек, қазіргі адамның адамгершілік құндылығы ретінде. Еңбек тәрбиесі аясында мектеп оқушылары арасында "Біздің аумақ" акциясы өткізілді, онда оқушылар аумақты тазалауға белсенді қатысты. Біздің мектепте 01.10 - 27.10.2023 жылдар аралығында "Еңбек адал жас өрен" жобасы іске асырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» - осы жобаның құндылықтары: оқушылардың құқықтық білімін қалыптастыру. "Бірыңғай тәрбие бағдарламасы" бағдарламасы бойынша "Жеткіншектің жеті жарғысы" жобасын іске асыру барысында Б.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебі азаматтық жауапкершілікті, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиені қалыптастыруға бағытталған бірқатар іс-шаралар өткізілді. Сондай-ақ, "Баланың құқықтары мен міндеттері" тақырыбында бірыңғай сынып сағаты өткізілді. Барлық оқушылар тренингтер, зияткерлік ойындар және танымдық викториналар өткізу арқылы жұмысқа тартылды. 8-11 сынып оқушылары арасында құқықтық тақырыпта қазақ және орыс тілдерінде пікірталас турнирлері өткізілді. Тарих пәнінің мұғалімдері А.Б Құдайбергенова, А.Т Алиаскарова оқушылардың ұлттық құқықтың қалыптасу тарихы туралы ой-өрісін дамытуға бағытталған іс-шара өткізді.

«Балалар кітапханасы» республикалық жобасы аясында бастауыш сыныптар арасында "Отбасыммен бірге оқу сағаты" өткізілді, онда балалар өз үйірмелерінде қызықты уақыт өткізді. "9 ай-9 іс-шара" жобасы аясында 2024

жылдың 28 ақпанында "Оқу мектебі" бірыңғай оқу сағаты өткізілді. 2024 жылдың 28 ақпанында "Балалар кітапханасы" жобасы аясында бастауыш сынып оқушылары арасында "Оқы және басқаларға кітап сыйла" акциясы өтті.

«Ұлттық Мектеп лигасы» 2024 жылдың 9 сәуірінде «Ұлттық Мектеп лигасы» жобасы аясында 1-4 сынып оқушылары арасында «Дені Саудың - тәні сау» спорттық эстафетасы өтті. Ойынға 3 команда қатысты. Оқушылар белсенді қатысты. Ойын өте қызықты өтті. Жоба аясында «Бес асық» және «Тоғызқұмалақ» іс-шарасы өткізілді.

Жобасы аясында мектепте 8-11 сынып оқушылары арасында волейбол өтті. Ойынға 4 команда қатысты. Оқушылар белсенді қатысты. Ойын өте қызықты өтті.

«Мектеп - спорт аумағы» мектеп жобасы. Бұл жобаның мақсаты: балалардың салауатты өмір салтына, дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін қалыптастыру. Мектепте әр сәрсенбі ата-аналар мен оқушыларға арналған спорт күні болып бекітілді. Оқушылар волейбол, теннис, шахмат, футбол ойындарын ойнайды. Қатысушылар саны: 100 – 150.

«Family day» облыстық жобасы отбасы мен мектептің міндеті серіктестік қатынастарды орнату, өзара түсінікті құру болып табылады. Жобаның қатысушылары жас ерекшеліктеріне сай олардың ата-аналары: 1 кезең 18.09 – 23.10 1 – 6 сыныптар, 2 кезең 08.01 – 12.02 аралығында «Біз отбасымызбен ойнаймыз» ұранымен 7-8 сыныптар қатысады, 3 кезең «Family day» жобасының қорытынды кезеңі сәуір айында іске асырылады. 1 кезеңі 18.09 – 23.10 аралығында «Отбасы бақыт рецептісі» конкурсы ұйымдастырылды. Бұл кезеңге 1 - 6 сынып ата-аналарымен оқушылар қатысты. Қамтылған қатысушылар саны: 500.

«Менің Туым» Негізгі ереже «Менің Туым» облыстық жобасын өткізудің мақсаты, міндеттері және тәртібін белгілейді. Жоба 3 кезеңнен тұрады. Дайындық кезең 1 қыркүйекке дейін, негізгі кезең өткізілді. 2 кезең Республика күніне орай тудың суреттері салынып, акцияға белсене қатысты. Қатысқан бала саны: 240 оқушы. Қорытынды кезең 4 маусым ҚР Рәміздер күнінде өткізілді. Республика күнін мерекелеу жөніндегі іс - шаралар жоспары құрылды. Жоспар бойынша конкурстар, мерекелік бағдарламалар дайындалды.

https://www.instagram.com/p/Cyh5gdQtIEf/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/Cyh5phtNubX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==<https://www.instagram.com/p/CyiLj0ItBGF/>

Жоғарыдағы көрсетілген жобалар бойынша атқарылған жұмыстар мектептің әлеуметтік парақшаларында кезеңмен жарияланып тұрды.

«ЭКО Бүм» облыстық жобасы жас ұрпақты туған өлкенің табиғи ресурстарына және қоршаған әлемге мұқият қарым – қатынас дәстүрлеріне тәрбиелеу болыпта табылады. Бұл жоба бес кезеңнен тұрады. 1 кезең «Күзгі сыйлықтар акциясы» 13.09 – 31.10 аралығына жүзеге асырылды. Қатысқан бала

саны: 250 . 2 кезең «Жақсылық жаса» акциясы 13.09 – 26.04 аралығында жалғасын табады. 3 кезең «Қауырсындардағы ғажайып» 13.09 – 26.04 аралығында іске асырылады. 4 кезең «Эко даму» 01.11 – 29.12 аралығында іске асырылды. 5 кезең «Құстарға арналған кафе» 01.12 – 15.03 іске асырылды. Қатысқан бала саны: 550.

https://www.instagram.com/p/C6tH41TNNnv/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C58U8P5tOq1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA=

«Bala Business» облыстық жобасы өмір сапасын дамытуға бағытталған оқушылардың әлеуметтік маңызды бизнес - жобаларын іздеу және әрі қарай дамыту. Жобаға қатысушы меншікті бизнес - жобаларын құрастырған 5-11 сынып оқушылары. Мектебімізде «Бала бизнес» облыстық жобасына қатысуға технология пәнінің мұғалімі Базар Н мен Темиргалиев Д.Т өтінім беріп, қалалық сайыста Базар Н оқушысы Есилбаева З жүлделі 2 орынға, Темиргалиев Д.Т оқушысы Ханат Д жүлделі 1 орынға ие болып облысқа жолдама алды. Наурыз айында ұйымдастырылған облыстық кезеңде 8ғ сынып оқушысы Ханат Д жүлделі 3 орын алды.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1403989417148670&set=pcb.1403989467148665&locale=ru_RU

Тәрбиенің базалық мазмұнын жаңартудың басым бағыттарына сәйкес

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтылықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Патриотты оқушылар тәрбиелеу, көркем әдебиетке, ата – баба тарихына, ел үшін аянбай еңбек еткен Қазақ батырларының тарихи тұлғасын тереңірек тану, оның өнеге ерлігін бүгінгі ұрпаққа үлгі ету мақсатында 25 қазан – Тәуелсіздік күніне орай «Қазақстан - бірлік пен достықтың мекені» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды, бастауыш сынып оқушыларына кітап көрмесіне библиографиялық шолу өткізілді.

«Айбары асқақ Ата заң», «Ана тілі - менің елімнің тілі», «Ұлы Отан соғысы есімдер мен даталар», «Төл теңге - ұлттық мақтаныш» ҚР халықаралық валютасы Теңгенің алғашқы қолданысқа енгізілгеніне 30 жыл, «Ғарыштың таңғажайып әлемі» кітап көрмесі «Ауған: жауынгер жаңғырығы» кітап-иллюстрациялық көрме, «Мамандық – Отанды қорғау» тақырыптық сөре ұйымдастырылды, «Әлем таныған Қазақстан» атты мектеп кітапханасында ұйымдастырылған тұрақты кітап көрмесі.

5 сынып оқушыларына «Өз құқығынды біл, міндетінді орында» атты әңгіме-шолу өткізілді. Оқушыларға бала құқықтары туралы Конвенция, Бала құқығын қорғау туралы тұжырымдама, халыққа құқықтық көмек «Бала құқығы» жадынамасы Бала құқықтары, оларды сақтау, өз құқықтары мен міндеттері туралы түсінік, оларды жүзеге асыруға дайындық қабілеттілігін қалыптастыру туралы әңгіме өткізілді. Және оқушыларды өз құқықтарын қорғай білуге. Құқықтық нормативтік актілерді орындай, құрметтей білуге үйрету, адамгершілікке, елжандылыққа, құқықтық сауаттылыққа тәрбиелеу.

Оқушыларға адам құқығы, бала құқығы мен міндеті ұғымдарын меңгерту туралы айтылды.

Оқушыларға Ә.Молдағұлованың өжеттілігін, қайсарлығын, ерлігі туралы «Қаһарман қайсар қыз» атты патриоттық сағат 6 сынып оқушыларына өткізілді. Тәуелсіздік күні - барлығымыз үшін ерекше қасиетті мереке. Бірліктің, ынтымақтастық пен татулықтың күні. Тәуелсіздік - ең басты құндылығымыз. Тәуелсіздікке қантөгіссіз, бейбіт түрде қол жеткізгеннен кейін ғана елімізді әлемнің өркенниетті мемлекеттерінің қатарына қоса алдық.

Тәуелсіздікке қалай қол жеткіздік? Осы сұрақтың жауабын «1986 жылы 16 желтоқсан» атты видеоролик сіздердің назарларыңызға. Бұл видеоролик 9 «Ә» сынып оқушысы Жаулыбаева Аяла жасады. Мектеп кітапханасының жоспар бойынша 9 сынып оқушылар арасында «1986 жылы 16 желтоқсан» атты видеоролик жасау ұйымдастырылды. «Желтоқсан жаңғыры» кітап көрмесі, библиографиялық шолу 5-6 сынып оқушылар арасында өткізілді.

Өлкетану

Өзінің туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту, жасөспірімдердің бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру және отансүйгіштік сезім тәрбиелеу мақсатында «Туған жерім елдігімнің айғағы» тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылды. «Наурыз - жыл басы», «Өлеңмен өткен өрлерім» Қ.Бекхожин - 80 ж., «Менің сүйікті қалам», "Қазақ киносының саңлағы - Шәкен Айманов" Ш.Айманов - 110 жыл., «Ұлт мақтанышы – Қаныш Сәтбаев» кітап көрмесі ұйымдастырылды және кітап көрмесіне оқушыларды таныстырылып, библиографиялық шолу жасалды. «Менің сүйікті қалам» викторина 5-6 сынып, «Ұлт мақтанышы – Қаныш Сәтбаев» танымдық сағат, 7-8 сынып оқушыларымен өткізілді.

Жыл сайын педагогикалық ұжыммен бұл жөнінде үлкен жұмыс жүргізіледі. Қазақстан Республикасының рәміздері мен атрибуттарына құрмет қалыптасады. Оқушылар апта сайынғы мектеп жиындарында және дәстүрлі мерекелерде ҚР Мемлекеттік әнұранын орындайды, берілген тақырыптағы тақырыптық әңгімелер мен викториналар өткізілді.

1 қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім мейірім мекенім» атты сынып сағаты өткізілді. Қатысқан бала саны: 1200

2023-2024 оқу жылынды Маңызды айтулы даталар Мерейтой иелерінің көркем шығармалары бойынша кітап көрмесі (ақын – жазушылардың) әр мерейтой иелеріне арналған виртуалды көрме, бейнежазба өткізілді. 28 қыркүйек О.Бөкейдің туғанына 100 жылдығы, қазан Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жылдығы Б.Соқпақпаевтың туғанына 100 жылдығы, 27 желтоқсан Сәрсен Аманжоловтың туғанына 120 жылдығы, Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы Қазақ батыры, би, шешен Сырым Датовтың 300 жылдығына іс-шаралар ұйымдастырылды.

Патриоттық тәрбие айлығы аясында Потанина және Павлодар қаласының "Ertis" тарихи-өлкетану мұражайына бастауыш жән орта буын сынып жетекшілер ұйымдастырды.

<https://www.instagram.com/reel/C7RcosHt9Y2/?hl=ru>

6 - 8 сыныптарында қазақ тілі мұғалімдері Г.О Рахметова, Э.Ж Оразбаева «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 32 жылы» тақырыбында сынып сағатын өткізді. 2023 жылғы 7 қыркүйекте 9-10 сынып оқушылары арасында Қазақстан халықтарының тілдері күніне орай «Ахмет Байтұрсынов - ұлы тұлға» тақырыбында шығармашылық жұмыс (эссе) өткізілді.

1 мамыр Қазақстан халықтарының бірдік күніне орай жоспар құрылып. Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан елдердің салт дәстүрі, өнері бойынша «Бейбітшілік ел тілегі» атты сайыс ұйымдастырылды. 5 – 9 сынып оқушыларына арналған тәрбие сағаттары өткізілді.

Мамыр айында 10 сынып оқушылар әскери оқу жиныға қатысып келді. Қатысқан бала саны: 25

2023-2024 оқу жылының аяқталуына 24 мамыр күні бірыңғай “Білімім-Отаныма” атты сынып сағаты өтті.

29.04 күні “Мен - болашақ жауынгер” “Мирас” клуб мүшелерінің арасында өткізілген қалалық байқауда мектебіміздің “Мирас” ұлдар клубы II орын

https://www.instagram.com/p/C29Ur9IN4mB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C55Cxfatav-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C5YVja6tlms/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C2hs4CjNySa/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C2eZ-dbNvPI/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C2ZVBoFNGbB/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

<https://www.instagram.com/p/C6dFA4jt1fV/?hl=ru>

7 мамыр «Отан Қорғаушылар» күніне орай 6 мамыр күні Мектеп парламенті мүшелері осындай жандардың ержүрек істеріне сай сый-құрмет көрсете отырып, мектебіміздің Ер азаматтарын қарсы алып құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/C60LxpgtzTj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Отан Қорғаушылар күні мерекесіне орай салтанатты мереке өтті. Іс-шара барысында қалалық мектеп оқушылары арасында саптық ән байқауы және автоматты бөлшектеу бойынша сайыс ұйымдастырылды. Автоматты бөлшектеу және құрастыру бойынша мектебіміздің 10 ә сынып оқушысы Ивин Мансур жақсы нәтиже көрсетті. 4.05 күні 7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай Павлодар қаласында өткен “Саптық әндер” байқауына мектебімізден 10 "ә" сыныбының оқушылары Ивин Мансур, Аяпов Жандарбек, Серік Ахат Ақсу командасынан қатысып, жүлделі 3 орынды иеленіп келді.

https://www.instagram.com/reel/C6rI5ULtr5R/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C6lPkVBtI3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2 сыныптар арасында Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай «Жас сарбаз» атты саптық ән байқауы өтті. Барлық сыныптар сап бойынша жүріп, ән айтты.

23.05 күні 1”А” сыныбында Ұлы Отан соғысының ардагері, Кеңес Одағының батыры, Халық қаһарманы, тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі, армия генералы Сағадат Нұрмағамбетовтің 100 жылдығына орай ерлік сағаты өткізілді.

https://www.instagram.com/p/C7TKhWDtK1s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

4 маусым - Мемлекеттік Рәміздер күні бүкіл мектеп, яғни ұжым және оқушылар үшін жұмыс уақыты мемлекеттік гимн орындауынан басталды.

4 маусым күні Балдаурен сауықтыру лагерінде рәміздер күніне орай «Рәміздер - мақтанышым» атты викториналық сұрақтар сайысы өтті.

«Жас Ұлан» және «Жас Қыран»

Оқушыларды «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» қатарына қабылдауға арналған салтанатты іс-шара ұйымдастырылды. Қабылданған бала саны: 60

https://www.instagram.com/reel/C6WALhty0s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жас Ұландықтар қатысқан іс-шаралар:

Осылайша, биылғы оқу жылы соңында «Жас Ұлан» ЕДҮО-ның тек мектеп ішінде ғана емес, оның сыртында, оның ішінде өткізілетін жарыстар мен іс-шаралардың әр түрлі түрлеріне белсенді қатысуы болды. Мектеп парламентінің танымалдылығы алдыңғы жылдармен салыстырғанда өсті. Орта деңгей оқушылары бірлестіктердің қызметіне үлкен қызығушылық таныта бастады.

Оқушының өзін-өзі басқару қызметінің негізі бұрынғыдай мектептің қабырғасында және одан тыс жерлерде ұжымдық және шығармашылық істерді ұйымдастыру және жүргізу арқылы мектептің оқу-тәрбие процесіне қатысу болып табылады. «Жас Ұлан» қауымдастығы оқушыларға өздерін табуға, олардың таланттары мен қабілеттерін толық ашуға, ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыруға көмектеседі. Мектептің парламенті Президенттік дәстүрін жалғастыруда. Оқу жылы басында Жоғары сынып оқушылар кеңесінің шешімімен мектеп Президенті болып 10«ә» сынып оқушысы Саден Балғын тағайындалды. мектеп омбудсмені болып 10«ә» сынып оқушысы Зайкен Аяна тағайындалды.

Жұмыстың негізгі психологиялық тактикасы оқушылардың іс-шараларын ұйымдастыруда, жарыстар мен эстафеталарға қатысуда көмек және ынтымақтастық, бұл оқушыларды біріктіруге және олардың дағдылары мен қабілеттерін арттыруға мүмкіндік берді.

2. Рухани- адамгершілік тәрбие

Біздің педагогикалық ұжым адамгершілікті, руханилықты жеке тұлғаның негізі ретінде қарастырады, сондықтан әлемнің тұтас ғылыми негізделген

бейнесін қалыптастыру, танымдық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық құндылықтарға баулу және осы құндылықтарды иемдену тәрбие қызметінде ерекше, басым орын алады.

Осы бағыт аясында мектепте Мектептің ішкі тәртіп ережелерін қайталау және зерделеу, «Достықтың моральдық заңдары», «Өзің үшін өмір сүр немесе басқалар үшін өмір сүр?», адамгершілік қасиеттері туралы әңгімелер. Мектеп оқушылары Қарттар күніне, Мұғалімдер күніне, Отан қорғаушылар күніне арналған концерттік бағдарламаларға қатысты. 1-11 сынып оқушылары мектеп ауласын және оған іргелес аумақты абаттандыру бойынша «Таза сынып, Таза мектеп ауласы» акциясы, «Макулатура жина-Ағашты сақта» акциясы сияқты әлеуметтік маңызды іс – шараларға белсенді қатысты. Мектепте «Аққу» қыздар клубы жұмыс атқарады. Топта әр түрлі сыныптан жиналған қыздар. Топ жетекшілері технология мұғалімі мен мектеп психологы. «Қыздар гигиенасы», «Қызды 40 үйден тыйым», «Қыздарға әсемдік жарасады» тақырыптарында облыстық, қалалық аурухана гинеколог мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Мектеп бойынша «Бұрымды қыз» тақырыбында конкурс өтіп, бұрымды қыздарға тәтті сыйлықтармен марапатталды.

Қарттар күніне орай «Өмірдің күзі жылы болсын» орай акция ұйымдастырылды. Мектеп ұжымы Қарттар үйіне барып тәтті сыйлықтар апарып, «Мариям» студиясымен бірлесе концерттік бағдарлама ұйымдастырылды.
<https://www.instagram.com/p/CxsPT1tNqjG/>
<https://www.instagram.com/reel/CxsPIIt0Ca/>

Халықаралық қыздар күніне апталық жоспар құрылып «Қыздарға әсемдік жарасады» атты сынып сағаты, «Қыздарға қырық үйден тыйым» дәріс, «Мен қандаймын» тақырыбында сурет салу, «Бұрымды қыз» атты акциялар өткізілді.

Наурыз айында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай Ана – өмір шуағы мерекелік іс –шаралар жоспарланып, ұйымдастырылды .
https://www.instagram.com/reel/C4Q3Un3tJ44/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектебіміз тоқсан «Жақсылық жасау әркімнің қолынан келеді» челленджін ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/C7DhimOtmGZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C2u1y6ltwCE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C2tt4nXNDBE/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C2YsvyFoDps/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Жыл бойы оқушыларды «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Адамға қуаныш сыйла», «Ашық жүрек» акциялар өткізілді. Бұл акцияларды өткізу арқылы «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасын іске асру болды.

https://www.instagram.com/p/C6Ib2KkoKrU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/p/C5x8YP9NLwd/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Діни экстремизм және терроризмге қарсы жұмыстар

Мектепте діни экстремизмге қарсы іс-шаралар жоспары жасалды. 7 адамнан тұратын діни экстремизмге қарсы тобы құрылды. (ТІМ, тарих мұғалімдері, психолог, әлеуметтік педагог, кәсіподақ комитетінің төрағасы, мектеп кітапханашысы, ата-аналар комитетінің төрағасы). Стендте сенім телефоны, Діни экстремизмнің алдын алу жоспары, психологиялық көмек қызметінің телефоны, "111 Аманат" бірыңғай мемлекеттік байланыс орталығы, сондай-ақ мектептің, білім бөлімінің сенім телефондары, балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім телефоны, жалған діни ұйымдар мен радикалды ұйымдардың қызметінен зардап шеккен адамдарға кеңес беру бойынша сенім телефоны бойынша ақпарат бар республикалық сенім телефонының нөмірі бар. 2023 жылғы 9 қыркүйекте діни бағыттағы әдебиеттерді анықтау үшін кітапхана қорына ревизия жүргізу туралы акт жасалды. Кітапханада діни бағыттағы әдебиеттер анықталған жоқ. 2023 жылғы 21 қыркүйекте кәмелетке толмағандар арасында терроризмнің алдын алу жөніндегі педагогикалық ұжыммен, 1-11 сыныптар арасында жаттығу жаттығулары өткізілді. Бірінші қабатта фойеде "Терроризм –қоғамға қауіп"стенді орналасқан. Әкімшілік бөгде адамдардың мектеп аумағында және ғимаратында болуына бақылау жүргізеді. Педагогтар мен әкімшілік мүшелерінің кезекшіліктері өткізіледі. Мектепте 52 бейнекамера орнатылған – 35 ішкі және 17 сыртқы. Өткізу режимді тіркеу журналы бар. Мектептің педагогикалық ұжымы, ата-аналармен және 8-11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары жүргізіледі. Ұжым мен оқушылар SARMO парақшасына жазылды. 2024 жылдың 08 сәуірінде «Адамның деструктивті діни ағымға түсуінің қандай белгілері бар?» бұл жадынама ата-аналардың чаттарына жіберілді.

https://www.facebook.com/photo?fbid=1167972424083705&set=a.118031485744476&locale=ru_RU

3. Ұлттық тәрбие

2024 жылдың 15 наурызында Наурызнама онкүндігі мектебіште "Қайырымдық" әлеуметтік марафоны өткізілді. Мектеп мұғалімдері қиын өмірлік жағдайға тап болған үш отбасына көмек көрсетті. Көмек азық-түлік және тұрмыстық заттар түрінде көрсетілді. 2024 жылдың 19 наурызында "Құқық бұзушылықсыз мектеп" қалалық жобасы аясында "Көктем келді-әлемге" фестивалі өткізілді. Мақсаты: қазақтың салт-дәстүрлерін нығайту, отансүйгіштікке тәрбиелеу және отбасылық құндылықтарды дәріптеу. Аталған фестивальде келесі іс-шаралар өткізілді: Ұлттық киім шеруі, Қазақ халқының дәстүрлерін көрсету, ұлттық ойындар. Қалалық конкурста мектебіміз Гран При жеңіп алды. Қатысқан ата-аналар мен бала саны:80

2024 жылдың 20 наурызында ұлттық спорт түрлері бойынша түрлі жарыстар мен турнирлер өткізілді: арқан тарту, тоғызқұмалақ, асық, гiр көтеру, сақина, орамал көтеру, бұл балаларға Наурыз мерекесін сезінуге мүмкіндік берді.

4. Отбасылық тәрбие.

Осы бағыт бойынша мектепте жоспар бойынша іс-шаралар өткізілді. 2023 жылдың 11 қыркүйегінде 1-11 сынып оқушылары арасында "Менің тату отбасым" тақырыбында фотоколлаж ұйымдастырылды. "Ата-аналардың жұмысындағы бір күн" акциясы аясында 2023 жылғы 22 қыркүйекте 2-сынып оқушысы анасының Айналайын бақшасына жұмыс орнына барды.

«**Family day**» облыстық жобасы отбасы мен мектептің міндеті серіктестік қатынастарды орнату, өзара түсінікті құру болып табылады. Жобаның қатысушылары жас ерекшеліктеріне сай олардың ата-аналары: 1 кезең 18.09 – 23.10 1 – 6 сыныптар, 2 кезең 08.01 – 12.02 аралығында «Біз отбасымызбен ойнаймыз» ұранымен 7-8 сыныптар қатысады, 3 кезең «Family day» жобасының қорытынды кезеңі сәуір айында іске асырылады. 1 кезеңі 18.09 – 23.10 аралығында «Отбасы бақыт рецептісі» конкурсы ұйымдастырылды. Бұл кезеңге 1 - 6 сынып ата-аналарымен оқушылар қатысты.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1307905613423718&set=a.118031485744476&locale=ru_RU

https://www.facebook.com/reel/1035992810913395?locale=ru_RU

https://www.facebook.com/reel/672413591514744?locale=ru_RU

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

Жер күніне арналған онкүндік аясында келесі іс-шаралар өткізілді:
– "Жер-біздің ортақ үйіміз" бейнеролигін көру. "Табиғатты бірге сақтайық!>".
"Табиғатқа ұқыпты қарау туралы өлеңдер" оқырмандар байқауы.
"Екінші тыныс" қалдық материалдан жасалған қолөнер байқауы (пластикалық бөтелкелерден, целлофаннан, қораптардан жасалған қолөнер). "Табиғат туралы не білеміз" виртуалды кітап көрмесі. Мектеп аумағын абаттандыру, ата-аналармен бірлесіп аумақты тазалауды ұйымдастыру.

2024 жылдың 19 сәуірінде мектеп оқушылары мен ата-аналары "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясына қатысты. "Таза Қазақстан" республикалық экологиялық акциясы аясында Мектептің педагогикалық ұжымы мен оқушылар мектеп аумағында абаттандыру жұмыстарына, тарихи-мәдени ескерткіштерге арналған "Киелі мекен" сенбілігіне қатысты. Отырғызылған гүлдер: Астер, Түймедақ, Раушан, алқап лалагүлі, гладиолы, мариголд, пион, петунья, лалагүл. Саны 100 дана. Қамқоршылық кеңес демеушілер есебінен бюджеттен тыс қаражат 80000 мың тнг. Аяз ата сөмкесі үшін кәмпит 2006 жылғы түлектер 35000 тнг сомасына демеушілік көмек көрсетілді.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=783140632566888&set=pcb.783140975900187&locale=ru_RU

https://www.facebook.com/photo?fbid=1433284360885842&set=pcb.1433284374219174&locale=ru_RU

https://www.facebook.com/photo?fbid=1445780559636222&set=a.118031485744476&locale=ru_RU

6. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Оқушыларды адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеу маңызды міндеттерді жүзеге асырады – оқушылардың сенімдерін, көзқарастарын қалыптастыруға,

өмірдің адамгершілік нормаларын игеруге ықпал етеді, көркемдік талғамын, қызығушылықтарын, қабілеттерін, мәдениетін дамытады.

Дәстүр бойынша нашақорлықтың, темекі шегудің алдын алу және құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша әңгімелесулерді мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесіп қабылданған жоспарға сәйкес ІІБ инспекторымен жүргізіледі. Әр тоқсан сайын әртүрлі спорттық іс-шараларды қамтитын Денсаулық апталығы өтеді. Ұжымдағы қарым-қатынас сынып сағаттарында, әңгімелесулерде, сабақтарда, экскурсияларда, сенбіліктерде және жалпы тазалауда, конкурстарда, концерттерде бірлескен сапарларда қалыптасады. 2024 жылдың 1 ақпанында мектепте «Қош бол, Әліппе» өткізілді. Оқушылар белсенді болды, ән айтты, би биледі, өлең оқыды. Естелік сыйлықтар мен дипломдармен марапатталды.

2024 жылдың 28 ақпанында 1-11 сынып жетекшілерімен «Алғыс айту күні» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

Алғыс айту күніне орай Ы.Алтынсарин атындағы қазақ орта мектебінің директоры И.Е Егис атынан дарынды балалардың ата-аналарын оқу жылы ішінде өз білімдерін көрсеткен Алғыс хатпен марапаттады. 2024 жылдың 1 наурызында мектепте 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай «Екі жұлдыз» музыкалық байқауы өтті. Байқауда 8 жұп өз шеберліктерін көрсетті. Негізгі мақсаты: оқушылардың эстетикалық тәрбиесін арттыру, мұғалімдер, ата-аналар мен оқушылар арасында тығыз қарым-қатынас орнату. 2024 жылдың 6 наурызында 8 наурыз Халықаралық әйелдер күнін мерекелеу қарсаңында жоспарға сәйкес 5-7 сынып қыздары арасында «Көктем аруы-2024» байқауы өткізілді. Конкурс нәтижелері бойынша :

Гран-при 6 " А " сыныбы

1 орын 5" Б " сыныбы, 2 орын 5 "А" сынып, 3 орын 6" Б " сыныбы. Қалған сыныптар қатысқаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

https://www.facebook.com/photo?fbid=1375413886672890&set=pcb.1375413920006220&locale=ru_RU

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша бағдарламаны іске асыру мақсатында бүкіл мектеп ұжымы сенбілікке белсенді қатысты. Сынып жетекшілері сыныптармен бірге жұмыс істеді, әңгіме және жеке мысал арқылы оқушылардың еңбек тәрбиесі жүргізілді.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары және әлеуметтік педагогпен 8-11 сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлық» тақырыбы бойынша «Адалдық сабағы» өткізілді.

«Кәсіптер шеруі», «Кәсіптер әлемінде» сыныптан тыс іс – шаралар өткізіледі, «Мамандық таңдау-сенің таңдауың» слайдтарын қарау, «Түлек үшін барлығы» стендтері (ҰБТ-ға дайындық бойынша ұсынымдар, жадынамалар) ресімделеді, мектеп түлектерімен жеке әңгімелер, консультациялар өткізіледі.) Бастауыш сыныптарда сауалнама жүргізіледі, оқушылар «Мен кім болғым келеді?».

https://www.facebook.com/photo?fbid=1404965230384422&set=pcb.1404965250384420&locale=ru_RU

8. Дене шынықтыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру

2023-2024 оқу жылында денешынықтыру пәні мұғалімдері – 9. 6 мұғалім жоғары білімді, 3 мұғалім орта арнаулы. Оқу-тәрбие жоспарына асық ату, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, тоғызқұмалақ, шаңғы, футбол, дойбы-шахмат секциялары өткізілді. Жалпы спорт секцияларымен 240 оқушы қамтылды, қала секцияларына ДЮСШ 1 – 99 бала, ДЮСШ 2 – 81 бала, ДДТ спорт үйірмесіне – 8 бала, бұл мектеп оқушыларының жалпы санының 428 бала 35 пайызын құрайды. Президенттік тестілеу өткізілді. Қатысқан бала саны: 374.
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1350816222465990&set=pcb.1350816259132653&locale=ru_RU
https://www.facebook.com/photo/?fbid=1315561545991458&set=pcb.1315561569324789&locale=ru_RU

Дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары

Жалпы ережелер Осы Қағидалар дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс - шаралар өткізу кезіндегі қауіпсіздік қағидалары (бұдан әрі - Қағида) «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және дене шынықтыру және спорт сабақтарын, спорттық жарыстар және спорттық - бұқаралық іс шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасы аумағында орындалуға міндетті қатысушылар мен көрермендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі шараларын көздейді.

✓ Спортзал қауіпсіздік ережелері

Шаңғы дайындығы сабақтарының қауіпсіздік ережелері
Бұқаралық - спорттық іс - шараны өткізу кезінде қажетті күш пен техниканың болуы, бұқаралық - спорттық іс - шараны өткізетін күні көрермендердің болжамды саны мен нақты жағдай туралы ақпаратты ескере отырып, өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз ету бойынша басқа да қосымша шаралар қабылдауды; Спорттық ғимараттарының тиісті қызметтерімен спорттық ғимараттан, сондай ақ оған қатысты аумақтан қатысушылар мен көрермендерді эвакуациялау процесін бірге басқаруды қамтамасыз етеді. Қызметтер мен оның сандық құрамын спорт ғимаратының әкімшілігі айқындайды. АӘТД сабағында қауіпсіздік ережелерін 100% сақтады. *Атыс сабағындағы қауіпсіздік ережелері* сақталды. Атыс дайындығы сабағында оқу қару жарақтарымен жұмыс істегенде, оны шашып - жинау кезінде, соққышты алғанда ережесіне сай алу керек. Сабақ өту кезінде өртке қарсы қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Атып үйрену сабағы мектептің сабақ кестесіне, үйірме жоспарына сәйкес мектеп директорының бұйрығымен жүргізіледі.

2023 – 2024 оқу жылында спорттық жетістіктер:

Үстел теннис 1 орын. Облыстық жарыста 3 орын Жетекшісі: Төлеутай Е.Е. Волейбол ұлдар арасында 3 орын, қыздар арасында 3 орын. Жетекшісі: Рамазанов С.Б. «Бес асық лигасы» қалалық сайыста қыздар командасы 3 орын алып, 70000 мың қаржы жеңіп алды. Жетекшісі: Еженхан Б. Тәуелсіздік мерекесіне орай АФЗ ұйымдастыруымен өткен футбол ойыны бойынша

мектепшілік команда жүлделі 3 орынды жеңіп ақшалай 50000 мың тнг ұтып алды. Спортландия жазғы мектепте де өз жұмысын атқарып жатыр. Қатысып жатқан оқушылар саны: 50

Әлеуметтік жағынан аз қамтылған және көп балалы аз қамтылған отбасыларының балалары бастауыш сынып бойынша барлығы 47 . Оқушыларымыз жылдағыдай «Парыз» еңбек лагерінде жұмыс атқарады. I ауысым 12.06 – 30.06, II ауысым 03.07 – 21.07, III ауысым 24.07 – 11.08 күні аралығында 8-9 сыныптар қамтылған барлығы 68 оқушы. Мектеп алды көгалдандыру мақсатын «Жасыл патруль» еңбек тобы құрылған оған 5,6,9,10 сынып оқушылары қамтылған. Істеліп жатқан жұмыстардың негізі оқушылардың өмір қауіпсіздігімен денсаулығына бағытталған.

5.6 «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті курсын зерделеу

2022-2023 оқу жылы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсын оқыту міндетті болып табылған. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылса, «Өмір қауіпсіздігі негіздері» интеграцияланған білім беру бағдарламасы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы шеңберінде іске асырылған. 10

сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 16 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Өмір қауіпсіздігі негіздері» оқу курсының оқыту міндетті болып табылған. 1-3 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағатты, 4 сыныптарда 10 сағатты «Дүниетану» пәні шеңберінде бастауыш сынып мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырған. Сонымен қатар 5- 9 сыныптарда оқу жүктемесі 15 сағатты құрайды және дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің оқытуымен жүзеге асырылса, «Өмір қауіпсіздігі негіздері» интеграцияланған білім беру бағдарламасы «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» оқу курсы шеңберінде іске асырған. 10 сыныптарға жылдық оқу жүктемесі 12 сағат, 11 сыныптарда жылдық оқу жүктемесі – 12 сағатты құрайды. (оқыту алғашқы әскери дайындық пәні мұғалім-ұйымдастырушыларының оқытуымен жүзеге асырды.) және сабақ уақытында жүргізілген.

5.7 «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсының іске асыру

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 2, 3-қосымшалардың 26, 38-тармақтарына сәйкес сынып жетекшілері сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшісінің жылдық жұмыс жоспарындағы тақырып пен күнді көрсете отыра, 1-4 сыныптарда – 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда - әр сыныпта 10 сағаттан «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының өткізді.

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны 2 тарау §1 25 тармақ, §2 39 тармақтарын басшылыққа алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 2 тарау §135 тармақ, §2 48 тармағын басшылыққа алынды. «Жолда жүру ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді.

2022-2023 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. **2023-2024 оқу жылында** «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы негізінде «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұны алынып 1-4 сыныптарда 6 сағаттан, 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді.

ЖҚЕ бойынша оқу бағдарламасы

✓ 2-4 сыныптарында: сынып сағатына кіріктіріледі (жылына 6 сағат)

✓ 5-8 сыныптарында сынып сағаты есебінен өтеді (жылына 10 сағат)

Жолда жүру қауіпсіздік ережелерін сақтау

Жылдар	1-8 сынып оқушылар саны	Сабақтан тыс шаралар	ЖЖЕ сақтау
2022-2023	257	10	100%
2023-2024	249	10	100%

Жол қозғалысы ережелерін оқыту сабағы мектебімізде бастауыш сынып мұғалімдерімен, 5-8 сынып жетекшілерімен, сынып сағаты сабақтарында іске асырылады. ҚББ-да толтырылады, онда дәріс тақырыптары жазылады. Сабақта болулары туралы белгі қойылады. Әдеттегідей, сабақты сынып жетекшілер жүргізеді және ЖҚЕ оқытып, үйретуге жауапты топ пен әкімшілік бақылауда ұстайды. ЖҚЕ бойынша оқушылармен дәрістерді мектеп алаңында, сынып бөлмесінде, фойеде, мәжіліс залында көрнекі оқу құралдарын, жабдықтарды және балалардың көлік құралдарын пайдалана отырып өткізіледі. Алаңда өтетін жерлерде: жол қиылыстарында, жүргіншілер өтпесінде жол таңбалары салынған.

<https://www.facebook.com/share/RaBzz12iYAGUmupN/?mibextid=WC7FNe>

<https://www.facebook.com/share/UGw9H2EFFcKTkPvh/?mibextid=WC7FNe>

https://www.instagram.com/reel/C_vPw_ftAQD/?igsh=MWd0MnF5N3c4N2lxYQ=

5.8 Үштік одақпен жұмыстың іске асыру

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына сәйкес білім туралы шарт білім беру қызметін жүзеге асыру арқылы жұмыстар атқарылуда.

Қазіргі уақытта мектепте ата-аналармен ынтымақтастыққа бағытталған іс-шаралар жүйесі:

ата-аналар жиналыстары;

ата-аналар комитеттерінің отырыстары;

ата-аналарға арналған концерттер ұйымдастыру;

ата-аналардың қатысуымен жалпы мектептік және сыныптық іс-шаралар;

жеке жұмыстар қалыптасты.

Баланы тәрбиелеудің тиімділігі мектеп пен отбасының қаншалықты тығыз қарым-қатынасына байланысты. Мектеп пен отбасының ынтымақтастығын ұйымдастыруда сынып жетекшілері жетекші ерекше рөл атқарады. Бұл олардың жұмысына байланысты, отбасылар мектептің балаларды тәрбиелеуге, оқытуға қатысты саясатын қаншалықты түсінеді және оны жүзеге асыруға қатысады.

Қазақстан Республикасының Білім министрлігінің 2023 жылғы 4 қыркүйектегі №28 отырысының хаттамасы негізінде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы құрылды. Ата-ана, мұғалім және оқушылардың өзара әрекеттесуінің тиімді жүйесін қалыптастыру мақсатында мектепте тұлғаның еркін дамуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. 2023 жылдың 4 қыркүйегінен бастап балалардың әл - ауқатын қамтамасыз ету үшін педагогикалық мәдениетті, ата-аналардың психологиялық-педагогикалық

және әлеуметтік құзыреттерін дамыту үшін ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдауды ұйымдастыру мақсатында АПҚО құрылды. 2023 жылғы 4 қыркүйектегі бұйрық шығарылды, оның құрамына мектеп директоры, әлеуметтік педагог, ДТЖО, мектеп психологы, ата-аналар комитетінің төрағасы.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жылдық жоспарына сәйкес «Отбасы бақыт бесігі», «Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу» «Әр бала жарық жұлдыз» тақырыптарында баяндамалар, «Әрбір бала – жарық жұлдыз», «Жасөспірімдермен қырым – қатынас құпиялары», «Көркем мінез баға жетпес байлық» тақырыптарында тренингтер ұйымдастырылды.

Әр сәрсенбі ата-аналарға арналған «Спорт күні» болып бекітілді. Ата-аналарды қолдау мақсатында әр ай сайын «Family sport» сайыстары ұйымдастырылып отырды.

<https://www.instagram.com/p/C3p01fsItJh/>

Ата – аналармен байланысты үзбеу мақсатында әр тоқсан сайын ата-аналар жиналысы ұйымдастырылып, әлеуметтік желі арқылы қауіпсіздікті қатаң ұстану бойыша жадынамалар жарияланды. Сұранысты қажет ететін ата-аналарға психолог тарапынан кеңестер берілді. Оқушы – педагог – ата-ана үштігі негізінде бірлескен бірнеше жұмыстар атқарылуда. Соның бірі «Жалпыадамзаттық құндылықтар-отбасы тәрбиесінің негізі» Сенімен болашақ республикалық ата-аналар кеңесі Хызыр Ж семинар-жиналыс ұйымдастырды. Аталмыш іс-шараға 1-11 сыныптың ата-аналары қатысты. Мектепшілік жоспарға сәйкес «Үштік» қауымдастығын нығайту мақсатында ай сайын әр паралель іс – шара ұйымдасытуда. Қараша айында 0, 1, 5 сынып жетекшілері «Педагог – ата-ана - оқушы» үштік негізінде ата-аналармен бірлескен түрлі түсті кеш, спорттық жарыстар мен «Білімдіге дүние жарық. Таным қуанышы: баланың қызығы оқуына қалай көмектеседі», «Отбасы бақыт бесігі», «Ақыл айтпа жөн көрет» тақырыптарында тренингтер өткізді. Ата – аналар өте белсенді түрде қатысты. Дегенмен, ата-аналардың орта буынға келгенде, ата-аналарының сынып өміріне араласу белсенділігі орта деңгейде. I жартыжылдық ата-аналарды қолдау мақсатында төмендегідей іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-ана, мұғалім, оқушы үштігінің жұмысын нығайту мақсатында қыркүйек - желтоқсан айларында көптеген іс-шаралар атқарылды. Олар: спорттық жарыстар (волейбол, эстафеталар), көңілді демалыстар, тернингтер, түрлі-түсті кештер. Қараша айының 27 мен желтоқсан айының 1 аралығында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды. Жалпы жиналыста төмендегідей күн тәртібі қойылды: 2023-2024 оқу жылының I жартыжылдық қорытындысы- мектеп директоры И.Е Егис; Кәмелетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелері (буллинг, бопсалау) ; Отбасы-тәрбиенің басты тірегі және негізгі көзі (мектепте, далада өзін-өзі ұстау мәдениеті) ; «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ»; Оқушының өмір қауіпсіздігі (түнгі рейд, жол, өрт, жұқа мұз); «Жасөспірім өміріндегі ең маңызды нәрсе-

достық (жанжал және оларды шешу жолдары. Ата-аналар жиналысына «Нұр ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Сламбекова Р.Х., қалалық емхананың психологі Бохой З., ІБ инспекторы, полиция майоры Сыздыкова С.М қатысты. https://www.instagram.com/p/C3p1_r9IYpR/

«Даналық мектебі» жұмысы

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» мен «Даналық мектебінің» жұмысы жандандыра түсті.

"Даналық мектебі" жобасы аясында 2024 жылғы 16 қаңтар мен 19 қаңтар аралығында Алтынсарин ОМ-де "Отбасының жақсы қолшатырының астында" тақырыбында отбасылық шығармашылық жұмыстардың көрмесі өткізілді. Бұл іс - шара балаға бірлескен жұмыс процесінде өзінің маңыздылығын, ата-анасына деген мақтаныш сезімін, ал Әкелер мен аналар жауапкершілікті сезінуге мүмкіндік береді, өйткені олар ұйымдастырылған көрмені назардан тыс қалдырып, балаларын жібере алмайды. Осындай іс-шаралардың арқасында ата-аналар баласымен көбірек уақыт өткізеді және оның шығармашылығына көбірек уақыт бөледі.

"Аналар клубы" жоспарына сәйкес Халықаралық әйелдер күні қарсаңында мектепте волейболдан аналар, әйелдер мен қыздар мұғалімдері командаларының кездесуі өтті. Аналар командасы 1 орынды, қыздар командасы 2 орынды және мұғалімдер командасы 3 орынды иеленді. Барлық өткізілген іс-шаралар әлеуметтік желіде жарияланды. мектеп беттерінде. Осы бағыт бойынша жұмыс жалғасуда.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1460344214846523&set=a.118031485744476&locale=ru_RU

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1453150618899216&set=a.118031485744476&locale=ru_RU

Қамқоршылық кеңес жұмысы

2017 жылдан бастап мектепте Қамқоршылық кеңес өз жұмысын атқаруда. 2023 жылдың 29 қыркүйек күні жалпы мектепшілік жиналыста Қамқоршылық кеңес мүшелері мен төрайымы қайта сайланды. Әр параллель бойынша қамқоршылық кеңес мүшелігіне бір –бір ата-анадан алынды. Қосымша ІБ инспекторы (Отгонзул З), еңбек ардагері (Искакова А.Н) мен өзі-өзі басқару ұйымының белсенділері (Уахит А, Саден Б) қамқоршылық кеңес мүшелігіне қосылды. Қамқоршылық кеңесте 15 адам жұмыс атқаруда.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің 2023 жылдың 8 желтоқсанында өткізілген № 1 хаттама шешімінің негізінде қабылданған негізгі шешімдердің бірі жартыжылдықта өткізілген қайырымдылық жәрмеңкелерінен жиналған қаражат есебінен көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға 100 дана тәтті (кулек) алынып тарату. Желтоқсан айында күн көріс еңгейі төмен оқушыларға қамқоршылық кеңес мүшелері қысқы аяқ киім алып берді (8а – Амантай Д 8ә Уахитов А).

«Жан жылуы» акциясы ұйымдасытырылуына орай ата-аналар комитетінің басшылары жиналып, спонсорлық көмек көрсету жөнінде жиындар өткізілді. 2ғ бә, 6ғ, 8ғ, 9в сыныптарынан оқушылардың қысқы аяқ киім, курталары жоқтығы

бойынша қоңырау түсіп, дереу осы сыныптарға ата-аналар мен мектеп ұжымы тарапынан спонсорлық көмектер көрсетілді.

Мектебіміздің «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының YI слетіне қатысып 2 орынды иеленді. Сонымен қатар «Сыбайлас жемқорлықсыз әлем» тақырыбында бейнероликтер байқауында мектебіміздің «Адал ұрпақ» клубы I орынға ие болды.

https://www.facebook.com/photo/?fbid=1351051882442424&set=pcb.1351051909109088&locale=ru_RU

Өзін-өзі аттестаттау бойынша қорытындылар мен ұсыныстар

Аттестатталуға дайындық барысында мектеп өз қызметін өзін-өзі бағалауын өткізу үшін педагогикалық кеңес өткізді. Мұнда мектеп ұжымы мемлекеттік аттестаттау бойынша барлық нормативтік базамен таныстырылды, сарапшылар тобы құрылып, өзін-өзі аттестаттауды өткізу жөнінде жұмыс жоспары бекітілді. Сарапшылар тобы бағалаудың әр түрлі әдістерін қолданды, сонын ішінде талдау әдісі, статистикалық әдіс бар. Бұл әдістер мектеп қызметінің 3 жыл ішіндегі бағыттарын зерделеуге және жүйеге келтіруге көмектесті.

Ұсыныс:

1. Тәрбие жұмысы оқушылардың әр түрлі бағыттарын қамтыды, шығармашылық қабілеттерін, ұжымшылдық, жауапкершілік, патриоттық сезімдерін дамытуға мүмкіндік берді. Алдағы жұмыста мектеп белсенділерінің бастауыш сынып оқушыларымен жұмысын күшейтуге көп көңіл бөлу керек.

2. Атқарылған жұмыстарды қорытындылай келе, Мектеп парламенті қызметіміздегі маңызды мәселелердің бірі екенін атап өткім келеді. Балаларды тәуелсіз болуға үйрету - ұзақ және қажырлы еңбек, сондықтан оқушылар ұйымында өз өмірін ұйымдастыра бастағысы келетін атмосфераны құруға тырысамыз.

3. Ата-аналармен ынтымақтастық (барлық ата-аналар проблемаларды шешуге, тәрбие процесін ұйымдастыруға қатыспайды және отбасындағы балалар мен ата-аналар арасында тығыз байланыс жоқ);

Шешім: жалпы мектептік ата-аналар жиналысын өткізу нысандарын әртараптандыру. Ата-аналарды балалармен бірге мектеппен бірлескен тәрбие қызметіне қосу.

4. Сынып жетекшісінің ата-аналармен байланысы жеткіліксіз деңгейде.

Шешім: Жас сынып жетекшілерімен оқыту семинарларын өткізу, жас мамандар үшін өтілі бар мұғалімдердің тәжірибесімен алмасу.

5. Тәрбие жұмысы бойынша облыстық және қалалық іс-шараларда жүлделі орындар жеткіліксіз.

Шешім: дене шынықтыру мұғалімдерінің, аға тәлімгердің, психологтың, әлеуметтік жұмыстарды жандандыру педагог, сынып жетекшілері. Дене шынықтыру бойынша бұта жарысын, жолдастық кездесулерді ұйымдастыру

6. Біртұтас тәрбие бағдарламасымен барлық жұмыстарды атқару

7. Республикалық, қалалық, мектепшілік жобалардың жұмыс істелуін қадағалау.

8. Сынып жетекшілер ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болып, «Ата-ана – педагог – оқушы» бірігіп жұмыс атқарсын.

9. Кәмелетке толмағандардың құқықбұзушылықтарын алдын-алу мақсатында сынып жетекшілер сыныбындағы оқушылардың отбасын толық зерттеу, ата-аналармен тығыз байланыста болу.

6-БӨЛІМ. Оқу-материалдық активтер

6.1. Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы мәліметтер

4 қабатты мектеп ғимараты 1974 жылы құрылған, жобалық қуаты 1320, типтік, жалпы алаңы - 6886,8 ш\м, пайдалы алаңы – 4599,4 ш\м. Типтік ғимарат, жылыту жүйесі – орталықтанған. Мектепте: оқу кабинеті-38. ЖМБ кабинет-8, ҚГБ кабинет-7, зертханалар саны - 5, компьютерлық сынып-2, мультимедиялық кабинет-1, спортзал-1, мәжіліс залы 200 орындық, асхана - 150 орындық, кітапхана, кітап сақтау қоймасы мен оқу залы - 108 м.², медициналық кабинет-1, процедуралық кабинет-1, стоматология кабинеті -1, психолог кабинеті -1, интерактивті панель-тақта -9, жаңа модификациядағы физика кабинеті - 1, алынған жылы – 2008ж, жаңа модификациядағы биология кабинеті-1, алынған жылы - 2010ж., жаңа модификациядағы химия кабинеті-1, алынған жылы-2023ж. Мектепте - 50 бейнебақылау камерасы орнатылған, оның ЖБО-ға 13 камераға қосылған. Санитарлық тораптар саны: 12 туалет, онда 28 унитаз және 14 қол жуатын раковина орнатылған.

6.2. Оқушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Мектеп санитариялық қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес медициналық пунктті жарактандыруға арналған медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілді. (№ҚР ДСМ-76 бұйрығы).

Медициналық қызметке лицензиясы № 18021502 28.11.2018 күні «Ақсу қаласының ауруханасы» берілген, денсаулық сақтау ұйымымен шарт бекітілді. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығының талаптарына сәйкес денсаулық сақтау ұйымымен жасалатын медициналық көмек көрсетуге арналған шарттары бар. Білім алушыларға медициналық көрсетуді ұйымдастыру ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 07.04.2017 жылғы №141 бұйрығына сәйкес жүргізілді. Оқушылардың медициналық көмек тегін балдың кепілдік берілген көлемі шеңберінде көрсетілді.

Медицина қызметкер жыл сайын білім алушылардың денсаулығын сақтау және нығайту, олардың арасында сырқаттану шылықты азайту, профилактикалық егулерді, профилактикалық тексерулерді ұйымдастырды және алғашқы медициналық-санитариялық көмек тіркелген жері бойынша уақтылы диспансерлеуді бақылауды жүргізу жөніндегі іс-шаралар өткізді. Оқушылардың профилактикалық тексерулерін медицина ұйымдарының мамандары мектеп аумағына барып жүргізілді. Мектептің медицина қызметкері оқушыларға, педагогикалық және техникалық персоналға созылмалы аурулардың, жарақаттардың жіті және өршуі жағдайында жедел медициналық көмек көрсетті. Сондай-ақ, медбике психикалық және эмоционалдық әл-

ауқатты қолдайтын дағдыларды қалыптастыруға қатысуда, мінез-құлық қауіп факторларын төмендетуге және психологтармен және мектептің әлеуметтік педагогымен бірлесіп алдын алу шараларын қабылдай отырып, оқушылар арасында суицид бойынша тәуекел топтарын анықтауға қатысты. Мектепте Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері орталықтарының мамандарымен бірлесіп, жыл сайын ата-аналар, білім алушылар мен педагогтар арасында, педагогикалық кеңестерде, сынып сағаттарында, жалпы және ата-аналар жиналыстарында салауатты өмір салтын насихаттау саласында сауаттылық пен хабардарлықты арттыру бойынша іс-шараларды жоспарлайды және өткізеді. Медбике оқу процесін және қауіпсіз оқу жағдайларын ұйымдастыруға, ұтымды және қауіпсіз тамақтануды қамтамасыз етуге, мектепте санитарлық-эпидемиологиялық режимді сақтауға қатысады.

6.3. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер

Мүмкіндігі шектеулі адамдарға жасалған қолайлы жағдайлар: негізгі кіре беріс алдында пандус, қоңырау, тактильді таспа, баспалдақтың бірінші және соңғы сатысындағы сары түсті жолақ бағыттар, екі жақтағы есік тұтқалары, дала баспалдағында тайғақ емес жабын, 1 қабатта мүгедектерге арналған жабдықталған дәретхана, киім ілгіш пен асханадағы жабдықталған орын, санитарлық тораптарға есіктерді кеңейту және қолжетімділік белгілері, мектеп ішінде есік тұтқаларын таңбалау, маяктардың сөйлеу информаторлары, шығуға арналған жеңіл мәтіндік таблолар.

7-БӨЛІМ. Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры

7.1. Оқу, көркем және ғылыми әдебиет қорының болуы туралы мәліметтер

Мектеп кітапханасының негізгі қызыметін жүзеге асыру, яғни кітапханалық қызмет көрсету пайдаланушылардың білімдік, ақпараттық, мәдени қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында, оларға құжаттар мен ақпараттарды, басқа да кітапханалық қызметтерін ұсынуда: Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 болып тіркелген «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдардың және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілерінің тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жығы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 ақпанда № 13070 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы «Мемлекеттік білім беру ұйымның кітапхана қорының түзілу туралы» № 44 бұйрығына сәйкес мектеп кітапханасының жұмысын ұйымдастырудың оның негізгі бағыттары:

- корларды қалыптастырумен орналстыру;

- мектеп кітапханасының жұмыс тәжірибесіне жаңа ақпараттық технологиялар енгізуді ескеру;
- пайдаланушыларға кітапханалық, анықтамалық-библиографиялық және ақпараттық қызмет көрсету.

Кітапхана мектеп ғимаратының екінші қабатында орналасқан, оның жалпы ауданы 108 шарты метрді құрайды. Кітапхана бөлек бөлмені алып жатыр онда: абонемент және 16 орындық оқу залы, оқу қорының кітап сақтау қоймасы бар

Кітапхана қорының өсуі

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	2024-2025 оқу жылы
Кітапхана қоры	32743	34077	37345
Негізгі қор	9229	9648	9648
Оқулық қоры	23514	24429	26812
Уақытша қолдану (жұмыс дәптері)	630	324	885

Мектеп кітапханасы оқулықтарды пайдалануда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрық білім беру ұйымдарында 1-11 сыныптарға қолдануға рұқсат еткен оқу басылымдарының тізбесіне сәйкес оқулықтар әдістемелік кешендерімен оқу қамтамасыз етілді. Оқу жылының басында, тамыз айының соңында оқулықпен қамтамасыз ету мақсатында мектеп кітапханасына қалалық білім бөлімінен 1 және даярлық сыныптарға арналған дәптер, сонымен қатар жетіспейтін оқулықтарға қосымша тапсырыс алдық. Оқу жылы ішінде екі рет тексеріс – оқулықтардың сақталуына рейд жүргізілді.

Кітапхана жұмысында ақпараттық технологияны пайдалану, қолдану барлық кітапханалық процеске жаңаша қарауға, кітапханалық ақпараттық жұмысты өзгертуге, жетілдіруге, шындай түсуге мүмкіндік беруге кітапханада жағдайлар жасалған. Қорды жүйелі және алфавиттік ретімен қойылуды қадағалаймыз және КБЖ –нің кестесін пайдаланып отырамыз. Кітапханаға келіп түскен жаңа кітаптарды жолдама құжаттар бойынша қабылдап, жаңа түскен кітаптарды жиынтық және мүлкәммал кітаптарына есепке алу, өңдеу жұмыстарын жүргізіледі. Жыл бойы қорды сақтау және пайдаланудың белгіленген нормаларын сақтау, санитарлық күндер тұрақты өткізіледі.

Оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды алу

сынып	оқулықтар	Оқу-әдістемелік, дәптер
-------	-----------	-------------------------

	2022/2023	2023/2024	2024/2024	2022/2023	2023/2024	2024/2025
1	176	88		840	963	750
2	1977	162	95	9		
3		68	940			5
4	100		66			
5	19	91	171			5
6	107	20		1		16
7		375				7
8	56	146		1		
9	44	41				2
10	49	450				
11	25					
Даярлық сынып				630	324	100

Оқулықтармен қамтамасыз ету туралы мәліметтер

Сынып	Оқушылар саны	Оқулық саны	Баспа	Қамтамасыз етілу пайызы	Жыл басылымы
1	119	119	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Арман-ПВ	100	2021
2	146	146	Алматыкітап, Атамура, Мектеп	100	2022
3	131	131	Алматыкітап, Атамура, НИШ, Oxford	100	2018, 2024
4	153	153	Алматыкітап, Атамура, НИШ, Арман-ПВ, Express Publishing	100	2019
5	116	116	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Келешек-2030, Арман-ПВ, Oxford	100	2017
6	137	137	Алматыкітап, Атамура, Мектеп, Келешек-2030, Арман-ПВ, Oxford	100	2018
7	119	119	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Oxford	100	2017
8	96	96	Мектеп, Атамура, Алматыкітап, Келешек-2030, Арман-ПВ, Oxford	100	2018
9	155	155	Мектеп, Атамура, Алматыкітап, Арман-ПВ, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019
10	52	52	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, Express Publishing	100	2018
11	42	42	Мектеп, Атамура, Арман-ПВ, Келешек-2030, InterPress Distribution	100	2019

1 оқушыға оқулықтар саны шаққанда

жылы	Жалпы оқулықтар саны	Оқушылардың жалпы саны	1 оқушыға оқулықтар саны шаққанда
2022/2023	22884	1194	20
2023/2024	24105	1245	20
2024/2025	26812	1264	21

Мектеп кітапханасы жыл сайын мектеп оқушыларына оқулықтар береді. Кітапхананың оқу қорының болуы және аудан мектептерінің өзара алмасуы негізінде оқулықтармен қамтамасыз ету 100 пайызды құрайды.

Келіп түскен оқу әдебиетінің есебі уақытылы жүргізіледі. Бухгалтерияға тапсырылатын барлық шот-фактуралар бар.

Қалалық білім бөлімі арқылы ескірген оқулықтарды ауыстыру кестесіне сәйкес оқу әдебиеттері жинағы жүйелі түрде жаңартылып отырады. Оқулықтармен қамтамасыз ету туралы өтініштер белгіленген мерзімде қарастырылады. Оқулық қоры сынып бойынша реттелген, оқулық қоры жабық. Барлық оқулықтар техникалық өңделген, әрбір оқулықтың титулдық бетінде мектеп кітапханасының мөрі бар. Оқулық қоры мәліметтер базасына енгізілген (МБ). Қорды сақтау кезінде типтік режим ескеріледі.

Негізгі кітап қоры

№	бағыттар	2022-2023 жыл				2023-2024 жыл			
		Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Басқа тілде	барлығы	Қазақ тілінде	Орыс тілінде	Басқа тілде	барлығы
1	Энциклопедиялар	110	19	1	130	110	19	1	130
2	Ғылыми әдебиет	2343	342		2685	2430	405		2835
3	Көркем әдебиет	2047	2011	57	4115	2577	1993	114	4684
4	Ғылыми-әдістемелік әдебиет	1321	447		1321	1021	447		1468
5	Анықтамалықтар	362	158	11	362	362	158	11	531
6	Барлығы	6183	2977	69	9229	6500	3022	126	9648

Негізгі кітап қоры түсуі

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Көркем әдебиетті түсуі	0	749
Қазақ тілінде	0	613
Орыс тілінде	0	74
Басқа тілде	0	62

Кітапхана қорын сақтау бойынша жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі:

- Кітаптарын жоғалтқан оқырмандармен де көп жұмыс атқарылуда;
- Жоғалған әдебиеттердің орнын толтыру үшін кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыруда:
- Жаңадан келген кітаптарды техникалық өңделген, әрбір кітаптын титулдық бетінде мектеп кітапханасының мөрі бар, түгендеу кітабына жазылады

Қормен жұмыс істеу кезінде бухгалтерлік есепті қамтамасыз ету үшін келесі құжаттама жүргізіледі:

- Кітапхана қорының жиынтық есебі кітабы;
- Оқу қорының жиынтық есебінің кітабы;
- Түгендеу кітаптары;
- «Есептен шығару актілері» папкасы;
- «Оқулықтарды уақытша пайдалануға қабылдау-тапсыру актілері» папкасы;
- Оқулықтар мен көркем әдебиеттерге шот-фактуралар;
- Сыныптар бойынша оқулықтарды беру журналы;
- Оқырман формуляры (оқушылар мен мұғалімдер үшін бөлек)

Қорытынды:

1. Оқулық қоры жыл сайын толықтырылып отырады, дегенмен жетіспейтін оқулықтар болады, қала және аудан мектептерін арасында кітап алмасу арқылы шешілетін қажеттелігі бар, осыған байланысты оқулықтармен қамтамасыз ету 100 пайызды құрайды.

2. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында негізгі көркем әдебиет қоры жаңартылуда: 2021 жылы 53 экземпляр көркем әдеби түсті, 2023 жылы 749 экземпляр түсті.

Ұсыныс:

«Мектепке кітап сыйла» акциясы арқылы көркем және балалар әдебиет қорын толықтыру.

7.2. Компьютерлік сыныптардың, компьютерлердің, интернетке қосылудың болуы туралы мәліметтер

Ағымдағы білім беру бағдарламаларын табысты жүзеге асыру үшін оқу орнында ақпараттық ортаның болуы, мектепті оқу және көрнекі құралдармен және компьютерлік техникамен қамтылған жеткілікті ресурстық база қалыптасқан.

Білім беру жүйесіндегі ерекшеліктердің бірі – цифрлық технологияны қолдану. Мультимедиялық кабинеттің болуы мұғалімге сабақ беруде кең дидактикалық мүмкіндіктер ашады. Мұғалім бұл кабинетте жұмыс істей

отырып, теориялық материалды қосымша жоғары сапалы бейне және аудио фильмдермен, слайд-шоулармен, сонымен қатар бүкіләлемдік желіден онлайн ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндігі бар.

Мектепте барлығы 362 компьютер бар, 349 оқу- тәрбие үрдісінде пайдаланылады, оның ішінде планшеттер-20, нетбуктер-94 дана, моноблоктар - 41 дана, ноутбук – 17 дана компьютерлер-190 дана, олар 2 компьютерлік сыныпта және әрбір оқу кабинеттерінде орналасқан. Компьютерлер зияткерлік онлайн сайыстарға, МОДО, PISA, ҰБТ тестілеу кезінде кеңінен пайдаланылады. Мұғалімдер 15 кабинетте интерактивті тақта мен тач-панельдер көмегімен цифрлық білім ресурстарын тиімді пайдалана отырып сабақтар өткізеді, бұл оқушыларға мультимедиялық құралдардың кең ауқымын (карталар, кестелер, диаграммалар, фотосуреттер) пайдалана отырып ақпарат беруге мүмкіндік береді. Мұғалімдер сабақты шығармашылық деңгейде және серпінді ету үшін интерактивті тақтаның басқару элементтерін пайдаланады.

Барлығы	362
- оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар	352
Оқу/тәрбиелік үдерісінде қолданады	349
- оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар	349
Оқытушыларға/мұғалімдерге/тәрбиешілерге арналған	3
- оның ішінде ғаламторға шығу мүмкіндігі бар	3
2020-2021 оқу жылында аз қамтылған отбасы балаларға келген компьютер саны	154
Жаңа модификациядағы биология, химия, физика кабинеті	3
Тач -панельдер	6
Үйде оқитын оқушылардың компьютерлік техника және Интернетпен қамтылуы, адам	1
Интерактивтік тақталардың саны, бірлік	9
Факт бойынша интернеттің жылдамдығы	>100 Мбит/с
Бір компьютерге шаққандағы оқушы саны	3,5

Мектеп интернет жүйесіне қосылған. Провайдер «Казакхтелеком» акционерлік қоғамы. Интернет желісіне абоненттік құрылғыны (модем, роутер) ұсына отырып 100 Мбит/с жылдамдықпен қол жеткізу қызметін ұсынады. Интернет арқылы біздің мұғалімдеріміз, оқушыларымыз «BilimLand» платформасында жұмыс жасайды. Электронды журнал, ҰББМБ жүйелері толтырылады.

Мектепте 2 интернетке қосылу нүктесі және әр қабатта 8 Wi-fi концентраторлары орнатылған. Әр кабинетте моноблоктар интернетке қосылған.

Интернет провайдері орталықтандырылған сервер арқылы тағайындалады.

№	Оқу жылы	Провайдер
1	2021-2022	«Казакхтелеком» АҚ
2	2022-2023	«Индустрия связи»
3	2023-2024	«Казакхтелеком» АҚ, орталықтандырылған

Жалпы бір компьютерге шаққанда келетін оқушы саны 3,5 оқушыны құрайды.

№	Оқу жылы	Оқушы саны
1	2021-2022	7
2	2022-2023	3,5
3	2023-2024	3,5

Жаңа модификациядағы пәндік кабинеттермен қамтамасыз етілу үлесі бойынша заман талабына сай мектепте жаратылыстану- математика бағытына қарасты физика, химия, биология кабинеттері жаңа модификациялық үлгіде жабдықталған.

Бұл кабинеттерде цифрлық зертхана, STEM зертханасы, оптикалық құрылғылар, модельдер, стендтер, постерлер, электрондық оқулықтар, аудио-видео құралдары, Spark құрылғысы, түрлі датчиктер, зертханалық жұмыс жасауға арналған физикалық және химиялық элементтері бар.


Пән мұғалімдері осы мүмкіндіктерді қолданып, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын күнделікті арттыруда.

№	кабинет	кабинет құрылғыларын пайдаланатын оқушылар саны
1	физика	462
2	химия	462
3	биология	462

Мектепте 2 информатика кабинеті жұмыс жасайды, онда 31 компьютер бар. 4 жоғары білімді информатика пәнінің мұғалімі сабақ береді. Кабинеттер тач-панельмен, ақпараттық- әдістемелік кітаптар мен электрондық оқулықтармен жабдықталған.

Мектепте барлық пән мұғалімдері компьютермен жұмыс жасай алады, stepik.kz сайтында қашықтықтан курс өтіп, сертификатқа ие болды.

Мұғалімдер сабақ барысында әр түрлі сандық цифрлық ресурстарды



тиімді қолданады, сабақтарды интербелсенді тақтаны пайдаланып өткізеді.

Мұғалімдер Wordwall, Prezi, Flippity, Kazmath, Kahoot, LearningApps, «3D» формат, Canva презентацияларды жетік меңгеріп, кез келген сабақта қолданады. Мұғалімдер жасанды интеллект - интеллектуалды компьютерлік бағдарламалар мен машиналар жасау технологиясын қолданады. Сонымен қатар, мұғалімдер ақпараттық технологияны өздері ғана қолданып қоймай, қалалық, облыстық, республикалық семинарларда цифрлық ресурстарды тиімді пайдалану туралы тәжірибелерімен бөлісті.

Заман талабына сай оқушыға робототехника және үздіксіз IT білім беруді дамыту үшін мектепте робототехника бағыты жетік дамыған. Жұмыс барысында оқушылар робототехника мен информатика принциптерін оңай және қызықты меңгеруге мүмкіндік беретін техникалық оқыту құралдарын пайдаланады. Робототехникадан Lego Minstorms EV3 7 негізгі және 4 қосалқы жиынтығы бар. Цифрлық сауаттылық пен информатиканың оқу бағдарламасына робототехника енгізілген. Сабақта оқушылар әртүрлі роботтарды жинайды. Құрылған роботтарды бағдарламалауға арналған 7 ноутбук бар. Сонымен қатар, 3D Prusa i2 mk2 принтері бар, оқушылар бұл принтерден әртүрлі фигураларының 3D үлгілерін басып шығарады.

Мектептің сайты ұйымның жұмысы мен жеткен жетістіктерін жан- жақты жарияланып отырады, сілтемесі <https://altynsarin.bilimaksu.edu.kz/>. Сайт мектептегі оқу-білім процестерін автоматтандыруға көмектеседі. Мұғалімдердің, мектеп әкімшілігінің атқарып жатқан жұмыстарының электронды нұсқасын, қажетті ақпараттарды осы сайттан қарап, көріп, жүктеп алуға мүмкіндіктері бар. Электрондық жүйеден білім ордасы туралы жалпы ақпарат, яғни мектептің төлқұжаты, мектеп жарғысы, мектептің даму бағдарламасы туралы ақпаратпен танысуға мүмкіндік бар. «Әкімшілік» бөлімінен мектеп әкімшілігі, әлеуметтік педагог, мектеп психологы, қорытынды аттестация туралы мағлұматтар жүктелген. «Әдістемелік жұмыс»

бөлімінен жас мамандармен жұмыс, ақпараттандыру бойынша жұмыс, дарынды балалармен жұмыс, мектеп асханасында тамақтану туралы ақпараттар енгізілген. Нормативті – құқықтық актілер жүктелген. Ата – аналар мен оқушыларға арналған ақпараттар бөлімінде мемлекеттік қызмет түрлері, сабақ кестесі, хабарландырулар жазылған. Тәрбие жұмысы мен спорттық іс-шараларға да арналған ақпараттар енгізілген. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл түрлері туралы мәліметтерді де жүктеп алуға болады.

Күнделікті мектеп қабырғасында болып жатқан жаңалықтар мен жетістіктер, оқу- тәрбие үрдісі инстаграмм әлеуметтік желіде жарияланып отырады, сілтеме https://www.instagram.com/altynsarin_bilim.ordasy?igsh=MXI5ZHFqdW96MTZuZ
[A==](#)

7.3. ҰББМБ жұмысын ұйымдастыру сапасы

Ұлттық білім беру деректер қоры /НОБД/ ақпараттық жүйесі- бұл білім беру саласы бойынша алғашқы статистикалық деректер жинау және өңдеу жөніндегі қаржылық үдерістерді автоматтандыруға арналған электронды жүйе. Оқу жылының басында қызметкерлер мен оқушылар, материалдық – техникалық қор, кітапхана қоры, аз қамтылған, көп балалы, инклюзивті оқыту, білім беру үдерісі туралы толық барлық ақпарат жаңартылады («Тіркеу мәліметтері», «Білім беру үдерісі туралы негізгі мәліметтер», «Қосымша мәліметтер – кадрлар туралы қосымша мәліметтер, қамқоршылық кеңестер, контингент туралы қосымша мәліметтер», «Материалдық-техникалық қор – ғимарат туралы мәліметтер, кабинеттер/сыныптар/дәрісханалар, асхана, кітапхана/оқулықтар, компьютерлеу, МТҚ туралы қосымша мәліметтер, «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер», «Төлқұжатты толтыратын жауапты адам», «Қызметкерлер», «Контингент» қойындылары т.б.)

Күнделікті өзгерістер «Білім беру объектісі туралы негізгі мәліметтер» қойындысында – бірінші, екінші ауысым, паралель бойынша оқушылар саны өзгертіліп отырады, «Қызметкерлер» қойындысында - жаңадан келген-кеткен қызметкерлер, санаттары, мұғалімдердің пән бойынша курстары бойынша және басқа да өзгерістер болса толықтырылады, «Оқушылар» қойындысында – жаңадан келген-кеткен оқушылар қозғалысы күнделікті жасалынып отырылады. Бүгінгі таңда мектепалды даярлықта 38 оқушы, 1-11 сынып аралығында 1266 оқушы деректер қорына кіріктірілген. Персонал бойынша жұмыс өтілі, педагогикалық шеберлігі бойынша категориялары, пән бойынша өтетін курстары, жүктеме, сабақ беретін сыныптары, сынып жетекшілік пен факультатив туралы ақпарат қажеттілігіне байланысты ай сайын жаңартылып отырады.

8-БӨЛІМ. Білім алушылардың білімін бағалау

8.1. Оқу жетістіктерін бағалау және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Бағалау нормативтік құқықтық актілерге және педагогтерге, ата-аналарға және білім алушыларға көмек ретінде әзірленген әдістемелік материалдарға сәйкес жүргізіледі:

- 2023 жылғы 13 сәуірдегі енгізілген өзгерістерге сәйкес «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығы;

- «Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

- Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде орта мектеп үшін критериалды бағалау және құжаттау рәсімдері бойынша нұсқаулық;

- Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

- Негізгі және жалпы орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: оқу-әдістемелік құрал;

- сыныптар, пәндер және тілдер бөлімдегі жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Бөлімге формативті, жиынтық бағалау (БЖБ) және тоқсанға жиынтық бағалау (ТЖБ) жүргізу

Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау формативті және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылады.

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер жүргізеді.

1-сыныпта білім алушылардың оқу жетістіктері бағаланбайды.

2-11 сынып оқушыларына формативті бағалау, бөлім/ортақ тақырып бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі – БЖБ) және тоқсан бойынша жиынтық бағалау (бұдан әрі ТЖБ) нәтижелері бойынша білім алушыларға тоқсандық оқу жетістіктерін бағалау кезінде ескерілетін балдар қойылады.

Үйде оқитын білім алушыларды бағалау кезінде педагог үйде оқитын білім алушылардың оқу жүктемесін және олардың оқып-зерделеген оқу материалын ескере отырып, сараланған және/немесе жеке тапсырмаларды әзірлейді.

«Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері», «Графика және жобалау», «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық», «Зайырлылық және дінтану негіздері» және бастауыш мектепте «Цифрлық сауаттылық» пәндері бойынша БЖБ мен ТЖБ өткізілмейді және тоқсан/жартыжылдық және оқу жылының қорытындысы бойынша «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» деген белгі жазылады.


Вариативті компонент сағатының есебінен таңдалған 10-11-сыныптардың оқу пәндері бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді, оқу жылының соңында «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» деген белгі жазылады.

№ 130 бұйрыққа сәйкес мұғалімдер осы бұйрықта ұсынылған нысан бойынша БЖБ, ТЖБ өткізу қорытындысы бойынша талдау жүргізеді. Ұпайларды автоматты талдау электрондық жүйеде қарастырылған.


Тоқсандық жиынтық бағалау оқу жоспарындағы тоқсан ішінде меңгеруге тиісті оқу мақсаттарына жету деңгейін тексеруді көздейді.

8.2. Білім сапасы және 9,11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан тапсыру қорытындысы

Білім сапасы 2 жылғы оқу нәтижесінің мониторингісі



Оқу жылы	Оқушылар саны	Үздіктер саны	Екпінділер саны	Білім сапасы	динамика
2022-2023	1207 (135)	68	393	43,04 %	+2,04 %
2023-2024	1264 (144)	84	439	46,7%	+ 3,66%




2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылында білім сапасының оң динамикасы 3,6 %-ға өсу байқалып, 46,7%-ды көрсетті. Мектептің жалпы үлгерімі 100 % құрады, аттестатталмаған оқушылар жоқ . Үздіктер мен екпінділер санының артуы байқалады.

«Жақсы» оқитын оқушылар санының динамикасы 2022-2023 оқу жылымен салыстырғанда 2023-2024 оқу жылы 57 оқушыға өсті, «үздік оқушылар» саны 19 оқушыға артты.

Білім деңгейлері бойынша үлгерім сапасы

Білім деңгейлері	Білім сапасы (%)	
	2022 – 2023ж.	2023 – 2024ж
Бастауыш білім деңгейі	45,77 %	48,9%
Негізгі орта білім деңгейі	41%	43,65%
Жалпы орта білім деңгейі	53,42 %	58,14%



2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарындағы оқу үлгерімін талдауда бастауыш сыныптарда оқыту сапасы орта және жоғарғы буындарға қарағанда үнемі жоғары болды. Бастауыш сыныпта үлгерім сапасы 3,13% - ға, орта буында – 2,6 % - ға, ал жоғарғы буында – 4,72 % - ға өсті.

Пәндер бойынша жылдық сапа

	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы	динамика
Қазақ тілі	61 %	62,7 %	+1,7 %
Қазақ әдебиеті	63 %	63,7 %	+0,7 %
Орыс тілі мен әдебиет	69,6 %	67,5 %	-2,1 %
Шетел тілі	58,5 %	64,4 %	+5,9 %
Тарих	70 %	70,5 %	+ 0,5 %
Математика	53,5 %	54 %	+ 0,5 %
Геометрия	49%	48,9 %	- 0,1 %
Физика	60%	56 %	-4 %
Химия	60 %	61,9 %	+1,9 %
География	56%	62,7 %	+6,7 %
Биология	71,5 %	70,3 %	-1,2 %
Дүниежүзі тарихы	74 %	74,6 %	+0,6
Құқық негіздері	80 %	81,4 %	+2,8
Информатика	84,4 %	85,8 %	+1,4
Барлығы	65%	66%	+1 %



Пәндер бойынша 2 жылдың сапасын салыстырсақ, 2023-2024 оқу жылында өсу динамикасы байқалады. Пәндер бойынша білім сапасын салыстырсақ физика, биология, геометрия пәндері бойынша кему динамикасы байқалса, қазақ тілі, география, химия, тарих, құқық негіздері пәндері бойынша өсу динамикасы

байқалған. 2023-2024 жылы пәндер бойынша білім сапасы 2022-2023 оқу жылымен салыстырған 1 % өскен.

Ұсыныс:

- өсу динамикасы төмен сапа көрсеткен пәндерді бақылауға алу;
- Резервте тұрған бір пәннен «3» шыққан оқушылармен жұмыстар жасай отырып, екпінділер қатарына қосуға сынып жетекшілер пән мұғалімдерімен бірлесе отырып жұмыс жасау;
- Төмен сапа көрсеткен пәндерді бақылауға алу;
- Төмен сапа көрсеткен сыныптарды бақылауға алу.

9,11 сынып оқушыларының мемлекеттік емтихан тапсыру қорытындысы

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы негізіне сүйене отырып емтихандар алынды.

2022-2023 оқу жылындағы қорытынды аттестаттаудың нәтижесі

9- сыныптардағы қорытынды аттестаттау нәтижелері

Пән	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%		
			«5»	«4»	«3»					сапа	үлгі	«5»			«4»	«3»
			2022-2023 ж							2023-2024 ж						
Алгебра	9	118	3	51	64	46 %	100 %	9	126	4	57	65	48%	100%		
Қазақ тілі	9	118	8	70	34	71 %	100 %	9	126	12	75	39	69%	100%		
Орыс тілі	9	118	11	65	42	64 %	100 %	9	126	16	66	44	67%	100%		
орташа						60 %							61%	100%		

Негізгі пәндер бойынша білім сапасы 2022-2023 жылға қарағанда алгебра пәнінің 2 % өсу динамикасы байқалады, қазақ тілі орыс тілі пәні бойынша 3% өсу динамикасын көрсек, бойынша 2 % кему динамикасы көрсетті. 2022-2023 жылмен салыстырған емтихан нәтижесі бойынша сапа 61% көрсетіп, өсу динамика байқалды.

Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Пән	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%
			«5»	«4»	«3»	сапа	үлг
Алгебра	9 «а»	24	3	9	12	50%	100%
	9 «ә»	22	-	11	11	50%	100%
	9 «б»	25	-	12	13	48%	100%
	9 «в»	25	-	11	14	44%	100%
	9 «г»	22	-	8	14	36%	100%
		118	3	51	64	46%	100%
Қазақ тілі	9 «а»	24	6	15	3	87%	100%
	9 «ә»	22	1	10	11	50%	100%
	9 «б»	25	7	17	1	96%	100%
	9 «в»	25	-	13	12	52%	100%
	9 «г»	22	-	15	7	68%	100%
		118	8	70	34	71%	100%
Орыс тілі	9 «а»	24	5	12	7	71%	100%
	9 «ә»	22	1	12	9	59%	100%
	9 «б»	25	4	15	6	76%	100%
	9 «в»	25	1	13	11	56%	100%
	9 «г»	22	-	13	9	59%	100%
		118	11	65	42	64%	100%
						60%	100%

2022-2023 оқу жылында қорытынды аттестаттауға 9-сыныптар бойынша 118 оқушы емтихан тапсырды. Алгебра пәні бойынша сапа – 46 %, қазақ тілі – 71 %, орыс тілінен – 64 % сапаны көрсетті. Қазақ тілі пәнінен сапа көрсеткіш басқа пәндермен салыстырғанда жақсы деңгейде.

11- сыныптардағы қорытынды аттестаттау нәтижелері Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Пән	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%
			«5»	«4»	«3»	сапа	үлг
Алгебра	11 «а»	18	2	9	7	61%	100%
	11«ә»	17	2	12	3	82%	100%
Қазақ тілі	11 «а»	18	9	9		100%	100%
	11«ә»	17	2	11	4	76%	100%

Орыс тілі	11 «а»	18	4	10	4	78%	100%
	11«ә»	17	2	12	3	82%	100%
Тарих	11 «а»	18	8	6	4	82%	100%
	11«ә»	17	8	7	2	88%	100%
						81%	100%

11-сыныптарда негізгі пәндер бойынша емтиханға 35 оқушы қатысты. Емтихан нәтижесі 81 % сапаны, 100% үлгерімді жоғары деңгейді көрсетті. Оның басты себебі жыл бойы ҰБТ дайындалуы, қосымша сабақтарға қатысуы себеп болды.

2023-2024 оқу жылындағы қорытынды аттеструдың нәтижесі

Негізгі емтихан пәндері бойынша білім үлгерімінің сапа мониторингі көрсетеді: Алгебра, қазақ және орыс тілі бойынша емтихан бағалары және осы пәндер бойынша, білім үлгерімінің барлық қорытынды сапасы, жылдық бағаға сәйкес келеді;

Қорытынды аттестация нәтижесі бойынша 9 сынып оқушыларының білімін ескерсек, былтырғы оқу жылына қарағанда 2022-2023 оқу жылында емтихан бойынша салыстырғанда алгебрадан (5,8 %) және орыс тілінен (3,9%) білім деңгейі төмен түскен.

9- сыныптардағы қорытынды аттестаттау нәтижелері Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Пән	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%
			«5»	«4»	«3»		
Алгебра	9 «а»	26	3	13	10	61%	100%
	9 «ә»	26	1	8	17	35%	100%
	9 «б»	25	-	13	12	52%	100%
	9 «в»	25 (1 ү/о)	-	10	14	40%	100%
	9 «г»	25	-	13	12	52%	100%
		126	4	57	65	48%	100%
Қазақ тілі	9 «а»	26	4	11	11	60%	100%
	9 «ә»	26	1	19	6	76%	100%
	9 «б»	25	3	16	6	76%	100%
	9 «в»	25 (1 ү/о)	1	16	7	71%	100%
	9 «г»	25	3	13	9	64%	100%
		126	12	75	39	69%	100%
Орыс тілі	9 «а»	26	5	15	6	80%	100%
	9 «ә»	26	-	12	14	48%	100%
	9 «б»	25	2	14	9	67%	100%

	9 «В»	25 (1 ү/о)	5	12	7	71%	100%
	9 «Г»	25	4	13	8	68%	100%
		126	16	66	44	67%	100%
						61%	100%

Таңдау пәндері бойынша қорытындыны анықтағанда, оқушылар негізінен – Қазақстан тарихын, ағылшын тілін, биология, география, физика, информатика және басқа да пәндерді таңдайды.

Мектептің барлық педагогикалық ұжымының міндеті оқушылардың бітіру емтихандарын сәтті тапсыруы болды. Түлектерді қорытынды аттестаттауға дайындық жұмыстары бекітілген жоспар бойынша жүргізілді. Қыркүйек айынан бастап емтихандарды ұйымдастыру және өткізу бойынша нормативтік құжаттар зерделенді. Әдістемелік бірлестік отырыстарында аттестаттауға дайындыққа байланысты мәселелер үнемі талқыланып отырды. Сабақтарда тақырыптық қайталау жүйелі түрде жүргізілді, тапсырмалар формаларының типологиясы пысықталды. Жеке жоспарларға сәйкес білім алшақтықтарын жою бойынша сабақтан кейін оқушылармен тұрақты жеке және топтық жұмыс ұйымдастырылды. Барлық түлектер қажетті дидактикалық материалдармен, нұсқалар жинағымен, тақырыптық брошюралармен, тапсырмаларды басып шығарумен қамтамасыз етілді.

Негізгі мектеп курсы үшін қорытынды аттестаттауға 9-сыныптың 127 түлегі жіберілді, ПМПК шешімі бойынша үйден оқитын 9 в сынып оқушысы 1 оқушы Кайркенов Ерсұлтан емтиханнан босатылды. Қалған 126 оқушының барлығы емтихан тапсырды. 2023 – 2024 оқу жылында 9-сынып оқушылары математика (жазбаша), қазақ тілі (жазбаша, эссе) және орыс тілімен әдебиет (жазбаша), таңдау пәнінен (тестілеу) бойынша емтихан тапсырды. Таңдау пәндері: 15 оқушы информатика (11%), 43 оқушы – биология (34 %), 9 оқушы – шет тілі (7 %), 45 оқушы – география (35,7%), 6 оқушы – Қазақстан тарихы (4,7%), дүниежүзі тарихы - 2 (1,5%), физика – 4 (3,1 %), химия – 1 (0,7 %), әдебиет – 1 (0,7 %) емтихандарын тестілеу түрінде тапсырды. Оқу жылы ішінде емтихандарға үлкен дайындық жұмыстары жүргізілді. Оқу тәуекелі тобының оқушыларымен жұмыс істеуге көп көңіл бөлінді: қосымша сабақтар, демалыс уақытында қосымша сабақтар ұйымдастыру, емтиханға дайындықты бақылау мақсатында сабақтарға қатысу, ата-аналармен және оқушылармен ақпараттық жұмыс, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу.

Қорытынды аттестаттауға білім алушылардың таңдауы бойынша пәндерді таңдау 9 сынып оқушылары

информатика	биология	география	Қазақстан тарихы	Шетел тілі	Дүниежүзі тарихы	физика	химия	әдебиет
15	43	45	6	9	2	4	1	1
11 %	27,7 %	35,7%	4,7%	7 %	1,5%	3,1 %	0,7%	0,7%

11- сыныптардағы қорытынды аттестаттау нәтижелері
Негізгі пәндер бойынша білім сапасы

Пән	Сынып	Барлық оқушылар саны	Емтихан тапсырған оқушылардың бағасы			%	%
			«5»	«4»	«3»		
Алгебра	11 «а»	19	5	10	4	79%	100%
	11«ә»	20	3	9	8	60%	100%
Қазақ тілі	11 «а»	19	6	9	4	79%	100%
	11«ә»	20	2	15	3	85%	100%
Орыс тілі	11 «а»	19	5	12	2	89%	100%
	11«ә»	20	9	8	3	85%	100%
Тарих	11 «а»	19	3	12	4	95%	100%
	11«ә»	20	6	13	1	95%	100%

9, 11 сыныптарды қорытынды аттестаттау білім алушылардың жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізіледі. Мектеп базасында мектеп бітіру емтихандарын тапсырудың белгіленген кестесі бойынша өткізіледі.

2022-2023 оқу жылы басқа себептер бойынша емтиханнан босатылғандар жоқ және 2023-2024 оқу жылының алдын-ала деректері бойынша 1 оқушы үйде оқытылуына байланысты емтиханнан босатылды.

Өткен екі жылда емтихандарда барлығы оң бағалар алды, үлгермегендер және қорытынды емтихандарға келмегендер жоқ.

8.3. Сыртқы бақылау нәтижелері (ББЖМ, ҰБТ, PISA)

